№12 (297).
24 сәуір,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru

БІЗ ШЫҚҚАН ТАУ – ШЫНДЫҚ ТАУЫ,
БАРЛЫҚ ТАУДАН БИІК ТАУ!
Мұхтар ШАХАНОВ

ШЫНДЫҚТЫҢ ШЫРАҒЫ, РУХАНИЯТТЫҢ ЖАНАШЫРЫ ҰЛЫ АҚЫН ӨМІРДЕН ӨТТІ



Қазақстанның халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек ері, көрнекті ақын, драматург, қоғам қайраткері Мұхтар Шаханов 84 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Мұхтар Шаханов қазақ поэзиясына өзіндік қолтаңбасын қалдырған көрнекті қаламгер ретінде әдеби жыр жинақтарымен әдебиет сүйер қауымның жүрегінен орын алды. Оның балладалары мен поэмалары дүние жүзі халықтарының 20-дан астам тілдеріне аударылған. «Махаббат заңы», «Сенім патшалығы», «Сократты еске алу түні» атты драмалары республикамызда және шетел театрларында қойылған. Ш.Айтматовпен бірлесіп жазған «Құз басындағы аңшының зары» атты эссе кітабы мен «Сократты еске алу түні» драмасы көптеген тілдерге аударылған. «Шыңғыс ханның пенделік құпиясы» драмалық туындысы негізінде Украинаның Довженко атындағы киностудиясы екі сериялы телефильм шығарды. «Уақыт бедерлері», «Зерде кітабы» атты жинақтары орыс тілінде шықты. Қырғыз Республикасының Халық ақыны (1994), Қазақстан Республикасының Халық жазушысы (1996), БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызметі үшін» халықаралық сыйлығының және Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», түрік дүниесі жазушылар бірлестігінің «Шахрияр», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері. 2002 жылы «Жазагер жады космоформуласы» шығармасы үшін Калифорния Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы алтын медалі, Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» сыйлығы берілген. «Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін», «Еңбектегі ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған.

М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» атты шығармасы үшін Калифорния Ғылым, Индустрия, Білім және Өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі мен Түркияның Гебзе қаласында «Түркі тілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді. «Нобель» сыйлығының 100 жылдығына орай Тамбов қаласында өткен «Нобель» сыйлығы лауреаттары мен нобелшілердің халықаралық конгресінде «Нобель» ақпарат орталығы, «Нобель» қоры, Ресей жаратылыс ғылымдары академиясы бірлесіп бекіткен «Нобельдің Алтын медалімен» марапатталды.

«Әділет. Рухани жаңғыру» республикалық газетінің ұжымы марқұмның жақындары мен туыстарына, барша оқырман қауымға қайғырып көңіл айтады!

Қасым-Жомарт Тоқаев Мұхтар Шахановтың қайтыс болуына байланысты көңіл айтты

Мемлекет басшысы ұлт перзенті, аса көрнекті ақын, белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері Мұхтар Шахановтың отбасы мен жақын туыстарына көңіл айту жеделхатын жолдады.

– Мұхтар Шаханов бар ғибратты ғұмырын қастерлі сөз өнеріне арнап, қазақ поэзиясын жаңа белеске көтерген, төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан қоғамымыздың тұғырлы тұлғасы еді. Әрқашан тіл жанашыры ретінде игілікті істердің бастауында болды. Шығармалары көптеген шет тілдеріне тәржімаланды, жалынды жырларын қалың оқырман сүйіп оқыды. Өнегелі өмір сүріп, соңына мол әдеби мұра қалдырған Мұхтар Шахановтың жарқын бейнесі халқымыздың жадында мәңгі сақталады, – делінген жеделхатта.

2026 жылғы 20 сәуір

● ЖАҢА КІТАПША ЖАРЫҚ КӨРДІ

ӘДІЛЕТ ПЕН ШЫНДЫҚ БҰРМАЛАНСА ШЫРҒАЛАҢ БАСТАЛАДЫ!

ЖЕҢІСБЕКТІҢ ЖЕҢІСІ МЕН ЖЕҢІЛІСІ!

Республикалық ардагерлер ұйымының төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетовке ізеттілік жасаймын деп Ж. Мәуленқұловтың мәнісі кетті. «Әділет» ұжымы Б. Ізмұхамбетовтің ізіне түсіп, кісілігіне кір келтіріп, абырой-атақты аяқасты етіп жүргенін жариялап, тау деп жүргеніміз «төмпешік» екеніне халықтың назарын аударды.

Кезінде Н. Назарбаевтың «шотын» шауып жүріп жеткен биігін төмендетіп алуы, жеңіл мінезбен желпініп жүріп, халықтың қалт жібермей баға беретінін естен шығарып, сын садағына іліккенін сезбей қалғаны байқалды.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейханов «Халыққа қызмет ету білімнен емес, мінезден» деген екен. Сол мінез тауға да шығарады, табанға да салады. Адами табиғаты таза болмаған адам қанша боянып, түрленіп көрінсе де, түптің-түбінде бояуы кетіп, сұрықсыз күйге түсетінін өмір көрсетіп келе жатыр. Біздің сөз етіп отырған кейіпкерлеріміз осы өлшемнен аспағанын көрсетті.

Халықта «Жолдасың кім екенін айтсаң, сенің кім екеніңді адаспай айта аламын» деген тәмсіл сөз бар. Осы тұрғыдан ой өрбітіп, сөз қозғасақ, Бөкеңнің жолдасы Жеңісбек мырза талайды тасқа отырғызып, айласын асырып келе жатқан, су жұқпас сұңғыла, су перісінің өзі сияқты. Алданғанның алды — жөн, арты — соқпақ дегенді еске алсақ, Б. Ізмұхамбетовті ізінен адастырып жүрген жер сипатар Жеңісбек екенін көпшілік көріп, біліп отырғандай.

Ұлы Абай «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын, түбін ойлап, уайым жеп айтқанмын» дегендей, талай сөз Бәкеңнің атына айтылды. Бірақ естітін құлақ, көретін көз болмаған соң, баяғы жартас — бір жартас болып қала берді. Биіктен білдірмей түсу бар да, қалпақтай ұшу бар. Біздің қос кейіпкеріміз көргенсіздікпен алысса да, табандары тайғанап, су түбіне сүңгігелі тұрғандай көрініп тұр.

Жеңісбек Мәуленқұлов оңтүстік өлкемізге аты мәлім партия-совет, әкімшілік қызметкері болды. Алыптардың алдында қызмет істеп, жақсыларға жанасып, жармасып жүрді. Жүруін жүргенмен, көңілге түйгені аз болғанын өзі өмір сүрген ортаның оған берген бағасы таудай емес, төбе деп бағалайтындай көрінеді.

Халық айтса, қалып айтпайды деген сөз бар емес пе? Біз де халық бағасына байыздадық.

Жеңісбектің жеңісі деп отырғанымыз — өлермендікпен өртеніп тұрса да, абыройы ашылып жатса да, бастықтың балағына оралып, табанын жалап жүріп, қызмет орнына қызарса да барып отырғаны деп түсіндік.

Қазақтың «Малымды алсаң да, абыройымды алма» деген сөзі абыройсыздықпен адам деген атаққа кір келтірмеу керектігін білдіреді.

Абыройсыз адам — арсыз адам. Ондайларға сөз өтпейді. «Сөз сүйектен өтеді» деген де сөз бар. Сүйкеп айтқан сөз де, ашынып айқайлап айтқан сөз де өтпесе, онда сүйексіз бос кеуде болғаны деп түсінеміз.

Редакция алқасы

P.S. Бет қатталып жатқанда, редакциямызға Сайрам ауданы ардагерлерінің бір шоғыры хабарласты. Олар осы Мәуленқұлов мырзаға қатысты біраз мәселелерді көтеріп жүргендеріне біршама уақыт болғанын, оған төрағаның назар аудармағанына наразылықтарын білдіріп, ішкі қынжылыстарын жасырмады. Сондай-ақ отызға жуық ардагер осы мәселе бойынша өздерінің арыз-шағымдарын Ақордаға жеткізуді сұранды. Оның ішінде Сайрам ауданы ардагерлерінің мүшесі Әлжан Раимбердиев ауылдағы ардагерлері кеңесінің төрағасы ретінде құдалауға ұшырап, орнынан заңсыз алып тастағанын жеткізді. Әрине, біз осы елдің, халықтың жанайқайына бей-жай қарай алмайтынымызды білдіріп, газетіміздің алдағы нөмірінде бұған арнайы тоқталатынымызды, олармен сұхбаттасып, өздері көтеріп отырған мәселенің мән-жайын анықтап, ашық жариялайтынымызды жеткіздік.

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ
5-бетте »





ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН ТАҒДЫРЛАР
6-бетте »

adilet-gazeti.kz

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІ ДАМЫТУ ҮШІН ЖОҒАРЫ ӘЛЕУЕТ БАР

Түркістан облысында шетелдік инвесторлар жаңа флоат-шыны өндіру жобасын іске асыруды көздеп отыр. Жобаны жіті зерделеу мақсатында облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбек шетелдік инвесторлармен кездесті. Кездесу барысында тараптар өңдеу өнеркәсібін дамыту және жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастырып, жер және инфрақұрылыммен қамту жұмыстарын талқылады.

Инвестицияның жалпы көлемі шамамен 220 млн АҚШ долларын құрайды. Жоба 2 кезеңмен жүзеге асырылады. Бірінші кезеңде жылдық қуаттылығы 480 мың тонна жоғары сапалы флоат-шыны өндіру зауытын іске асыру көзделген. Ал екінші кезеңде жылдық қуаттылығы 350 мың тонна кварц құмын өндіру кешені және басқа да нысандар салу жоспарлануда.

Қайыпбек Қанат облыс әкімдігі инвестициялық жобаларға ашық екенін жеткізіп, әлеуетті жобаларға заң шеңберінде қолдау көрсетілетінін айтты.

– Жоба Түркістан облысының ғана емес, республикамыздың өнеркәсіптік әлеуетін арттыруға елеулі үлес қосатынына сенімдімін. Өңірімізде отандық өндірісті дамыту мен импортты алмастыруға бағытталған жобаларды, оның ішінде шыны өнімдерін өндіру жобасын іске асыру үшін жоғары әлеует бар. Ресурстық базаға келер болсақ, Қазығұрт және Созақ аудандарында кварцты құм қорлары шоғырланған. Түркістан облысы әкімдігі жобаның жүзеге асырылуы үшін жан-жақты қолдау көрсетуге дайын, – деді облыс әкімінің орынбасары.

Бұған дейін инвесторлар өңірдің кварцты құм кен орындарымен танысып, зертханалық талдаулар жүргізген болатын. Зерттеулердің оң нәтижелері мен компания директорлар кеңесі қабылдаған шешімі негізінде жобаны Түркістан облысында іске асыру жоспарланып отыр.

Бұл компания ғылыми-зерттеу жұмыстарын, өндіріс пен сатуды біріктіре отырып, жоғары сапалы шыны түрлерін өндіреді. Компанияда 18 мыңнан астам қызметкер жұмыс істейді.

Айта кетейік, 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның шыны өнімдері нарығында импортқа деген тұрақты сұраныс сақталуда. Аталған кезеңде шыны импорты 277 млн АҚШ долларын құраса, экспорт көлемі 46 млн АҚШ долларын құрады.

ЖОСПАР – ТҮРКИЯ НАРЫҒЫНА ШЫҒУ

Түркістан облысында агроөнеркәсіп кешенін жаңа деңгейге көтеретін ірі жоба жүзеге асырылуда. Арыс қаласына қарасты Қожатоғай ауылдық округінде 50 мың басқа арналған ірі қара мал бордақылау алаңы салынып жатыр. Turkestan Agro.kz ЖШС базасында қолға алынған кешен толық қуатына шыққанда өңірдегі ең ірі өндірістік алаңдардың біріне айналмақ. Қазірдің өзінде мега-фермада 30 мыңға жуық мал бордақылануда. "Ақылды" ферма қалдықсыз өндіріс қағидатына негізделген.

Жобаның жүзеге асуы облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің жіті бақылауында. Кешенді жүзеге асырып жатқан кәсіпкер Сырым Ертаевтің айтуынша, барлық өндірістік үдерістер, малды күтіп-бағу, азықтандыру және ветеринарлық қызмет – толық автоматтандырылған. Заманауи еуропалық технологияларды енгізу өнім сапасын арттырып, еңбек өнімділігін еселеуге мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде дайын өнім ішкі нарықпен қатар Өзбекстан мен Тәжікстанға экспортталуда, ал алдағы жоспар – Түркия нарығына шығу.

Жоба кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Алғашқы кезеңде бордақылау алаңының құрылысына 2,9 млрд теңге, жаңбырлатып суару техникаларын алуға 1,5 млрд теңге көлемінде жеңілдетілген несие берілген. Екінші кезеңге мемлекет тарапынан 5,9 млрд теңге қолдау көрсетілуде. Қалған қаржы жеке инвестициялар есебінен қамтылған.

Кешенде аустралиялық «торлы» мал шаруашылығы әдісі қолданылуда. Бұл жүйе бойынша бордақылау алаңы арнайы секторларға бөлініп, мал жасы мен салмағына қарай топтастырылады. Әр топқа теңгерімді рацион автоматты түрде есептеліп, жүйелі күтім жасалады. Нәтижесінде малдың тез салмақ қосуы қамтамасыз етіліп, аурулардың алдын алу тиімділігі артады. Сонымен қатар санитарлық талаптар мен экологиялық стандарттарға ерекше мән берілген. Әр сектор таза сумен қамтылып, қалдықтарды шығару жүйесі толық жолға қойылған. Мал ашық әрі кең алаңда еркін қозғалыста бағылады, бұл олардың табиғи күйін сақтап, стресс деңгейін төмендетеді. Мұндай тәсіл өнім сапасын арттырып қана қоймай, өндіріс шығындарын оңтайландырады.

Бүгінде шаруашылықта қазақы ақбас, әулиекөл және ангус тұқымды ірі қара өсірілуде. 4710 гектар алқапта мал азығы дақылдары егілуде, бұл кешенді толықтай өз жемшөбімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Тәулігіне 50 мың басқа дейін 500 тонна жем беріледі. Жоба толық іске қосылғанда 100-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылады. Қазіргі таңда 30-дан астам жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған. Кешен құрылысы жыл соңында толық аяқталады деп күтілуде.

Бұл бастама Түркістан облысының аграрлық әлеуетін күшейтіп, Қазақстанның ет өндірісі саласына жаңа серпін бермек.

ЖОБАЛАРДЫ ӨНДІРІСТІК АЛАҢДАРҒА ОРНАЛАСТЫРУ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан қаласының «Бекзат» шағынауданында 20 гектар аумақта өндірістік парк құрылысы жүзеге асырылуда. Жоба аясында жалпы 26 өндірістік ғимарат салу жоспарланған. Құны 7,6 млрд теңгені құрайтын жоба 3 кезеңмен іске асуда. Қазіргі таңда алғашқы 5 нысанның құрылысы толық аяқталып, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етілген.

Өндірістік аймақта жол құрылысы жүргізіліп, жақын күндері асфальт төсеу басталады. Нысандарды осы жылы 15 мамырға дейін пайдалануға беру жоспарланған.

Өндірістік ғимараттарда жалпы құны 11,8 млрд теңге болатын 4 инвестициялық жоба жүзеге асырылады. Олар заманауи өлшеу құрылғыларын, құрылыс панельдерін, битум материалдарын, сондай-ақ аккумуляторлар мен электронды схемаларды өндіруге бағытталған. Нәтижесінде 600 жаңа жұмыс орны ашылмақ.

Қазіргі уақытта инвесторлармен келісімдер жасалып, жобаларды өндірістік алаңдарға орналастыру жұмыстары жалғасуда.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСУ БАРЫСЫ БАҚЫЛАУДА

Биыл Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен 5 инвестициялық штаб отырысы өткізіліп, 31 хаттамалық тапсырма берілді. Хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы, инвестициялық жобалардың ағымдағы жағдайы облыс әкімінің орынбасары Қанат Қайыпбектің төрағалығымен өткен инвестициялық штаб отырысында пысықталды.

Инвестициялық штабтың күн тәртібінде үш мәселе қаралады. Жиын барысында инвесторлар осы жылы іске асырылуы жоспарланған инвестициялық жобалардың ағымдағы жағдайы туралы баяндады. Одан бөлек, облыс әкімінің хаттамалық тапсырмаларының орындалу барысы пысықталды. Сонымен қатар биыл іске асырылатын инвестициялық жобалар және өткен жылы шетелдік инвесторлармен жүргізілген келіссөздердің нәтижелері туралы Арыс қаласы және Сарыағаш ауданы әкімдерінің есебі тыңдалды.

Облыс әкімінің орынбасары жауапты басшыларға жаңа жобаларды іске қосу жұмыстарын мерзімінде орындауды, инфрақұрылыммен қамту жұмыстарын жеделдетуді тапсырды.

– Облыс аумағындағы барлық электр қосалқы станцияларына инвентаризация жүргізіп, бос қуат резервтерін анықтаңыздар. Барлық автоматтандырылған газ үлестіру станцияларының (АГРС) техникалық жай-күйіне толық ревизия жүргізіп, әрбір станцияның жобалық қуаты мен нақты тұтыну көлемі туралы ақпарат беріңіздер. Инфрақұрылым мәселесі толық шешілуі тиіс, – деді Қанат Қайыпбек.



Түркістан облысында биыл да бірқатар инвестжоба қолға алынған. Мәселен, «EURO SANDWICH PANEL» ЖШС Сауран ауданы Шаға ауылдық округінде сэндвич-панельдер өндіру және металл конструкциялар өндіру зауытын салуда. Шардара ауданында «Dos Big Company» ЖШС қонақ үй кешені мен фитнес орталығының құрылысын жүргізуде. Төлеби ауданында «Тауэнерго» ЖШС шағын ГЭС құрылысы жобасын қолға алды. Одан бөлек, «Jasyl qyat» ЖШС-ның шағын ГЭС құрылысы іске асырылуда. Түлкібас ауданында «Майлыкент Ферм» ЖШС тауарлы сүт фермасы жобасын жыл соңына дейін іске қосуды жоспарлап отыр.

Инвестициялық жобалардың сәтті жүзеге асуына әкімдік тарапынан қолдау көрсетіліп, атқырылып жатқан жұмыстар облыс әкімінің тікелей бақылауына алынған.

ӨҢІРДІҢ ӨНДІРІСТІК ПАРКТЕРДІ ҚҰРУ ТӘЖІРИБИЕСІ ӨЗГЕ ОБЛЫСТАРДА ҚОЛДАНЫЛАДЫ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Қанат Бозымбаевтың тапсырмасына сәйкес, Түркістан облысындағы шағын өндірістік парктерді құру тәжірибиесін басқа облыстарда қолдану жоспарланған. Тәжірибе алмасу мақсатында өңірлердің Түркістан облысына іссапарлары жалғасуда. Бұл жолы Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің салаға жауапты өкілдерінен құралған делегация Түркістан облысына арнайы іссапармен келіп, инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған аймақтарды аралады.

Іссапар барысында делегация Сауран ауданындағы «SAURAN» өндірістік паркінде болып, кәсіпорындардың жұмысын бақылады. Сонымен қатар Түркістан қаласында іске асырылып жатқан өндірістік парктердің құрылыс барысын көрді. Одан бөлек, Арнайы экономикалық аймақ және Индустриалды аймақта болып, сол аумақтарда орналасқан жобалармен танысты.

Жалпы, Түркістан облысындағы барлық аудан және қалаларда 25 шағын өндірістік алаңдар құрылып, 258 өндірістік ғимарат салынып жатыр. Қазіргі таңда 120 ғимараттың құрылысы аяқталды. Аталған аумақтарда жобаларды іске асыру есебінен өткен жылы 27 млрд теңгеге импортты алмастыру тауарлары шығарылды. Іске қосылған жобалардың қатарында тоңазытқыш өндіретін «UBC Group», жиһаз өндіретін «Aqniet Holding», жаңбырлатып суару және тамшылатып суару жүйелерін шығаратын «BNK Group» компаниялары бар.

ЖЫЛДЫҚ ҚУАТТЫЛЫҒЫ 50 000 ДАНА МҰЗДАТҚЫШ ШЫҒАРУҒА ЖЕТЕДІ

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров «UBC Group» компаниясының құрылтайшысы Игорь Бурдыленкомен кездесу өткізді. Кездесу барысында өңірде жүзеге асқан инвестициялық жобалардың қазіргі жағдайы мен оларды одан әрі дамыту жолдары жан-жақты талқыланды.



Келіссөз барысында облыс әкімі Нұралхан Көшеров Түркістан облысының өндірістік әлеуетін арттыру, жаңа жұмыс орындарын ашу және экспорт көлемін ұлғайту мәселелеріне ерекше назар аударды. Әсіресе, «UBC Group» компаниясының қатысуымен іске асқан жобалардың тиімділігін күшейту және оларды кеңейту мүмкіндіктері сөз болды.

Игорь Бурдыленко компания Орталық Азия нарығын тоңазытқышпен қамту, отандық өндіріс көлемін ұлғайтуға ниетті екенін жеткізді. Кәсіпорын кеңейтіліп, жаңа жұмыс орындарын ашу жұмысы жанданады. Осы ретте, «JASYL SUYQ QAZAQSTAN» тоңазытқыш шығару зауытының екінші кезеңі іске асырылу сатысына өтуде. Жобаның жалпы инвестиция көлемі 1,2 млрд теңгені құрайды және өндірістік әлеуетті айтарлықтай кеңейтуге мүмкіндік береді. Жоба аясында жалпы ауданы 1900 шаршы метрді құрайтын жаңа өндірістік ғимарат салу көзделген. Аталған инфрақұрылым заманауи талаптарға сай жабдықталып, өндіріс тиімділігін арттыруға бағытталады сонымен қатар, кәсіпорында қосымша 50 жаңа жұмыс орны ашылып, өңір тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді.

Өндіріс орнының жылдық қуаттылығы 50 000 дана мұздатқыш шығаруға жетеді деп жоспарлануда. Бұл көрсеткіш кәсіпорынның ішкі нарықтағы сұранысты қамтамасыз етіп қана қоймай, экспорттық әлеуетін де арттырмақ. Бұдан бөлек, жоба аясында 2 қосалқы өндіріс орнын іске қосу қарастырылған, бұл өндірістік тізбекті толықтырып, қосымша құнды арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі уақытта кәсіпорын өнімдері Өзбекстан және Қырғызстан елдеріне экспортталуда. Алдағы кезеңде экспорт географиясын кеңейту жоспарланып отыр. Атап айтқанда, Әзербайжан, Грузия, Армения, Моңғолия, Тәжікстан және Түрікменстан нарықтарына шығу көзделген.

Кездесу қорытындысы бойынша қос тарап алдағы уақытта бірлескен жобаларды жүйелі түрде жүзеге асыру және өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жаңа деңгейге көтеруге уағдаласты. Кездескен мәселелерді бірлесіп шешуге келісті.

Айта кетейік, былтыр Түркістан облысындағы шағын өнеркәсіптік парк аумағында «UBC Group» халықаралық компаниясының тоңазытқыш шығаратын «Jasyl suyq Qazaqstan» зауыты іске қосылған болатын. Жобаның алғашқы кезеңінде жылына 40 мың сауда тоңазытқышын шығару жоспарланып, 350-ге жуық адам жұмыспен қамтылған болатын. Жалпы 1000 жұмыс орнын ашу көзделген және осы бағытта жоба кеңейтіліп жатыр.

БҰЛ ЖОБА – ЖАҢА КЕЗЕҢНІҢ БАСТАМАСЫ БОЛМАҚ

Төлеби ауданында алюминий орамдарын өндіретін жаңа зауыттың құрылысы басталды.

Инвестициялық жоба «QAZCOILPRO» ЖШС тарапынан жүзеге асырылуда. Жобаның жалпы құны 115 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын толық іске қосылған кезде алюминий орамдарын өндіру бойынша Қазақстандағы алғашқы ірі өндіріс орындарының біріне айналады деп күтілуде.

Зауыттың өндірістік қуаты екі кезең бойынша жүзеге асырылады. Алғашқы кезеңде жылына 100 мың тонна өнім шығару жоспарланса, екінші кезеңде бұл көрсеткіш 200 мың тоннаға дейін ұлғаяды.



Жоба нәтижесінде 250-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Маңызды инвестициялық жобаның басталуына орай өткен жиында Төлеби ауданының әкімі Еркеғали Әлімқұлов құрылыс жұмыстарына сәттілік тілеп, өңірдің индустриялық дамуына серпін беретін мұндай бастамалардың маңызын атап өтті.

– Жаңа өндіріс орны аудан экономикасын әртараптандыруға, инвестициялық тартымдылығын арттыруға және тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуға мүмкіндік береді, – деді ол.

Айта кетейік, зауыт Төлеби ауданының Киелітас ауылдық округінде орналасады. Құрылыс жұмыстары 2026-2028 жылдар аралығында аяқталып, 2028 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Бұл жоба – еліміздегі алюминий өнімдерін өңдеу саласындағы жаңа кезеңнің бастамасы болмақ.

АРЫСТА ЖАҢА ДЕПО САЛЫНУДА

Арыс қаласының әкімі Қайсар Маңқараев теміржол машина жасау саласындағы жетекші халықаралық серіктес – Alstom компаниясының Батыс және Орталық Азия бойынша басқарушы директоры Жером Бойемен кездесті.

Кездесу барысында тараптар қаланың өндірістік әлеуетін арттыру, теміржол саласын дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру бағыттарын талқылады. Сонымен қатар қадірлі мейманмен бірге қазіргі уақытта Арыс қаласында бой көтеріп жатқан Alstom компаниясы құрастырған электровоздарға сервистік қызмет көрсететін ірі өндірістік орталықтың құрылыс алаңына барды.

Қала әкімі мен компания өкілдері нысандағы құрылыс-монтаждау жұмыстарының барысымен танысып, KZ4 және KZ8 сериялы электровоздарды жөндеуге қауқарлы теміржол сервистік депосының құрылысына символдық түрде қыш қалады.

Жалпы құны 3,5 млрд теңгені құрайтын жаңа депо 2,9 гектар аумақта салынып жатыр. Жоба толық іске қосылғаннан кейін 100-ден астам жергілікті тұрғынды тұрақты жұмыспен қамту көзделуде. Қазіргі таңда нысанға қажетті инфрақұрылымды тарту жұмыстары да жоспарлы түрде жүргізілуде.

Айта кетейік, Alstom – теміржол саласына арналған локомотивтер, жоғары жылдамдықты пойыздар, трамвайлар және теміржол инфрақұрылымына қатысты жабдықтар өндіру бойынша әлемдік көшбасшылардың бірі саналатын Францияның ірі машина жасау компаниясы.

adilet-gazeti.kz

ӨҢІРДЕ ӨЗІНДІК КІРІСТЕР КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙЫП, ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЖАҚСАРА ТҮСКЕН

2026 жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша облыс бюджетіне түсімдер жоспары 118%-ға орындалып, 58,3 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді. Жоспардың асыра орындалуы негізінен өзіндік кірістер есебінен қалыптасты. Өзіндік кірістердің нақты түсімі 70,8 млрд теңгені құрап, жоспар 10,6 млрд теңгеге артық орындалды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 5,2 млрд теңгеге немесе 8%-ға өсіп отыр. Сонымен қатар субвенциялар, бюджеттік кредиттерді өтеу және республикалық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттер жоспары толықтай 100% орындалды.

Түркістан облысы әкімдігінің апталық мәжілісінде 2026 жылдың бірінші тоқсаны бойынша облыс бюджетінің орындалуы мен бекітілген индикаторлардың жүзеге асу барысы талқыланды. Жиында облыс әкімі Нұралхан Көшеров жауапты тұлғаларға нақты міндеттер жүктеді.

– Түсімдер мен өзіндік кірістерді арттыру бағытындағы жұмыстарды күшейте түсу керек. Бюджетті уақтылы әрі өз мақсатында сапалы игеру мәселесі де өзекті. Облысты дамыту бойынша бекітілген индикаторлардың орындалу барысы қатаң бақылауда тұр. Кемшілікке жол берген аудан, қала әкімдіктері мен басқармалардың жауапты тұлғаларына тиісті шаралар көріледі, – деген Нұралхан Көшеров жоспарды орындамаған басшылардың есептері мен уәждерін тыңдады. Оларға тиісті тапсырмалар берілді.

Қаржы және мемлекеттік активтер басқармасының басшысы Гүлфари Әжіметованың айтуынша, кейбір экономикалық көрсеткіштер бойынша республика деңгейімен салыстырғанда Түркістан облысының көрсеткіштері жоғары. Атап айтқанда, өзіндік кірістер жоспарының орындалуы 118%-ды құрап, республикадағы орташа 109%-дан жоғары болды. Ал түсімдердің өсу қарқыны 108%-ға, салықтық түсімдердің өсу қарқыны 104%-ға жетіп оң динамика көрсеткен.

Аудан және қала әкімдіктері бойынша өзіндік кірістер жоспары толық орындалған. Бірқатар негізгі салық түрлері бойынша да нақты өсім байқалады. Мәселен, жеке кәсіпкерлердің табыс салығы 7,6 млрд теңгені құрап, жоспардан едәуір жоғары орындалса, мүлік салығы 4,7 млрд теңгеге жетіп, жоспар 1 млрд теңгеге артығымен қамтамасыз етілді.

Облыс экономикасындағы оң үрдістерге заңды тұлғалар санының артуы да ықпал етіп жатыр. Жыл басынан бері өңірге басқа облыстардан 172 заңды тұлға тіркеліп, бюджетке 394 млн теңге түсім түсірді. Сонымен қатар 362 жаңа заңды тұлға құрылды. Бұл көрсеткіштер өңірдің инвестициялық және іскерлік тартымдылығының артып келе жатқанын аңғартады.

Бюджет шығыстары бойынша да тұрақты игеру деңгейі қалыптасқан. Есепті кезеңде облыс бюджетінің шығыстары 315,6 млрд теңгені құрап, жоспар 99,4%-ға орындалды. Жалпы алғанда, бірінші тоқсан қорытындысы бойынша Түркістан облысында бюджет түсімдері мен шығыстарын орындау бағытында оң нәтижелер қалыптасып, негізгі макроқаржылық көрсеткіштер бойынша өсім қамтамасыз етілген.

Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Күмісбек Жаппардың айтуынша, Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарында 5 бағыт бойынша 27 негізгі ұлттық индикатор, 17 нысаналы индикатор, 77 нәтижелі көрсеткіш қарастырылған. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 17 нысаналы индикатордың 11-і орындалды, 3 индикатор орындалу үстінде. Жоспарланған 77 нәтижелі көрсеткіштің ішінде 51 көрсеткіш бойынша жоспарға қол жеткізілді, 9 көрсеткішті орындау жұмыстары жүріп жатыр.

ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАБЫС КӨЗІ ҒАНА ЕМЕС, ӨҢІР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСЫЛҒАН ҮЛКЕН ҮЛЕС

Қазақстанның оңтүстігіндегі Түркістан облысы – табиғи-климаттық жағдайы ауыл шаруашылығына аса қолайлы өңір. Сол мүмкіндікті тиімді пайдаланып отырған өңірдегі кәсіпорындардың бірі – «Dala Fruit». Компания Сайрам ауданы Қарасу ауылында орналасқан және бүгінде заманауи агроөнеркәсіптің жарқын үлгісіне айналып отыр. Қазақстандағы ірі агроөнеркәсіптік компаниялардың бірі саналатын бұл кәсіпорын негізінен алма және басқа да жемістер өсіру, сақтау, өңдеу және шырын өндірумен айналысады. Жоба жеке инвестор есебінен және «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында қаржыландырылған.

Кәсіпорын аз уақыт ішінде қарқынды дамып, интенсивті алма бақтарын қалыптастырды. Қазіргі таңда 800 гектардан астам аумақта жоғары өнімді бақтар өсіріліп, жыл сайын 8-10 мың тоннаға дейін сапалы алма жиналады. Өндірісте Италия, Германия, Австрия және Түркия сияқты елдердің озық тәжірибелері енгізілген. Тамшылатып суару жүйесі, сапалы көшеттер және нақты агротехникалық талаптарды сақтау – жоғары өнімнің басты кепілі.

Компания өсіретін алма сорттары да халықаралық нарық сұранысына сай. Олардың қатарында Айдаред, Голден Делишес, Ред Делишес, Гренни Смит және Джонаголд секілді танымал түрлері бар. Бұл өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ішкі нарықпен қатар экспорт көлемін де ұлғайтуға мүмкіндік береді.

«Dala Fruit» тек жеміс өсірумен шектелмейді. Кәсіпорында заманауи шырын өндіру желісі іске қосылған. Мұнда табиғи, қоспасыз, тікелей сығылған алма шырындары өндіріледі. Осылайша, тұтынушыға сапалы әрі қауіпсіз өнім ұсынылып келеді.

Сондай-ақ компанияның сыйымдылығы 15 мың тоннадан астам көкөніс және жеміс-жидек сақтайтын заманауи қоймалары жемістерді ұзақ уақыт бойы сапасын жоғалтпай сақтауға мүмкіндік береді. Соның арқасында нарық жыл бойы балғын өніммен қамтамасыз етіледі.

Отандық өнім халықаралық нарықта сұранысқа ие. Бүгінде «Dala Fruit» өнімдері Қазақстаннан бөлек Ресей, Өзбекстан, Белорусия және Қытай нарықтарына экспортталып жатыр.

Кәсіпорынның тағы бір маңызды қыры – әлеуметтік жауапкершілігі. Мұнда жүздеген адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Бұл ауыл тұрғындары үшін табыс көзі ғана емес, өңір экономикасының дамуына қосылған үлкен үлес.

МАҚТА ЗАУЫТЫНДАҒЫ ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ТҰРАҚТЫ БАҚЫЛАУДА

Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтің төрағалығымен «Түркістан мақта агроөнеркәсіптік кешенінде» алқалы кеңес өтті. Жиынның мақсаты – қолданыстағы заң талаптарының, сондай-ақ, өндірісте техникалық және өрт қауіпсіздіктерінің сақталуын, әлеуметтік-еңбек қатынастарының жағдайын саралау, еңбек жағдайын талдап, жұмыс күшін бақылау.

Кеңеске қатысушылар алдымен өндіріс кешенін аралап, жұмысшылармен пікірлесті. Алқаптарда орналасқан базалардың санитарлық-тұрмыстық ахуалын тексерді.

Қазіргі таңда өндірістік кешеннің мақта алқабы 16 секторға бөлінген. Әр секторда жұмысшылар үшін жатын орны мен асханалар жасақталған. Зауыт аймағында жатақхананың 4 ғимараты қолданысқа берілген. Жұмысшылар 3 мезгіл ыстық тамақпен қамтылған.

«Түркістан мақта агроөнеркәсіптік кешені» ЖШС өкілінің мәлімдеуінше, бүгінгі таңда мұнда 700-ден астам азамат жұмыс істейді.

Кеңес отырысында Түркістан облысы прокурорының орынбасары Дәулет Тілемисов, Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Түркістан облысы бойынша департамент басшысы Амангелді Әліш, Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Закриддин Алимкулов сөз алып, бірқатар ұсыныстар енгізді.



Алқалы басқосуда экологиялық тұрақтылық пен топырақтың жай-күйі де талқыланды.

Нұрбол Тұрашбеков өрт қауіпсіздігіне баса көңіл аудару қажеттігін ескертті.

– Инвестициялық жобаның жұмыс барысында туындаған өзекті мәселелерін біз апта сайын қарап, заң аясында шешілуіне өздеріңізбен бірге күш салып келеміз. Ал, арнайы кеңес өткізудегі мақсат – бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты бақылауға алу, жұмыс берушінің де, жұмысшының да құқығын сақтау, орын алған кемшіліктер болса, мерзімінде қалпына келтіруге ықпал ету, – деді облыс әкімінің орынбасары өз сөзінде.

Талқылау қорытындысымен нақты тапсырмалар белгіленді. Инвестициялық жобалар қызметінің заңға сәйкес атқарылуы әр айда өтетін кеңес отырыстарында тұрақты қаралатын болып келісілді.

ӨҢІР ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясы Түркістан облыстық мәслихатындағы депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтіп, онда өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты өзекті мәселелер жан-жақты талқыланды. Жиынды фракция жетекшісінің орынбасары, облыстық мәслихат депутаты Алмас Салимов жүргізіп, күн тәртібіндегі негізгі бағыттарға тоқталды.

Алмас Алтайұлы қазіргі таңда өңіріміздің аумқтарында өтіп жатқан барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының халық алдындағы есептік кездесулерінің сапалы ұйымдастырылуы аса маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, бұл кездесулер халықтың нақты сұранысын айқындап, мемлекеттік саясаттың тиімді жүзеге асуына ықпал ететін басты құралдардың бірі.

Отырыс барысында партияның өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалу барысы, «Ауыл аманаты» және «Жер аманаты» жобаларының тиімділігі, мемлекеттік органдарға жолданған депутаттық сауалдардың сапасы мен орындалу деңгейі, сондай-ақ тұрғындардан түскен өтініштердің қаралуы мәселелері қаралды.

Күн тәртібі бойынша баяндама жасаған партияның Түркістан облыстық филиалы төрағасының міндетін атқарушы, облыстық мәслихат депутаты, әйелдер қанатының жетекшісі Қалыйма Жантөреева елдегі саяси жаңғыру үдерістеріне және қабылданған маңызды шешімдерге кеңінен тоқталды. Ол референдум нәтижесінің ел дамуы үшін тарихи маңызын атап өтіп, алдағы кезеңде саяси белсенділікті төмендетпей, жаңа науқандарға дайындықты күшейту қажеттігін жеткізді.

Сонымен қатар, Қалыйма Жантөреқызы партияның сайлауалды бағдарламасы аясында жүзеге асқан нақты нәтижелерді халыққа түсіндірудің маңыздылығына назар аударды. Соңғы үш жылда жоспарланған 568 іс-шараның 60,5 пайызы орындалып, өңір экономикасына жалпы көлемі 254,8 млрд теңгені құрайтын 81 инвестициялық жоба тартылған. Бұл бастамалар өңірдің өндірістік әлеуетін арттырумен қатар, жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік берді.

«Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытында да нақты нәтижелер бар. Облыста 40 мыңнан астам орынға арналған 87 жаңа мектеп пайдалануға беріліп, 23 медициналық нысан іске қосылды. Спорт саласында бірқатар ірі нысандар, соның ішінде заманауи спорт кешендері ашылып, бұқаралық спортты дамытуға жағдай жасалды. Әлеуметтік қорғау және инфрақұрылымды жаңғырту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылды. Мүгедектігі бар азаматтарға арналған оңалту орталықтары іске қосылып, ондаған елді мекен таза ауыз сумен және табиғи газбен қамтамасыз етілді. Жол-көлік инфрақұрылымы жақсартылып, жылу-энергетикалық жүйелер жаңғыртылды», - деп атап өтті Қалыйма Жантөреева. .

Жиында Қасым-Жомарт Тоқаев айқындап берген басым бағыттар аясында жүзеге асырылып жатқан партиялық жобалардың нәтижелері де сараланды. Атап айтқанда, «Ауыл аманаты» жобасы арқылы мыңдаған жоба қаржыландырылып, жаңа жұмыс орындары ашылса, «Жер аманаты» аясында миллиондаған гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылып, қайта айналымға енгізілді. Ал «Қарызсыз қоғам» жобасы халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруда нақты нәтижелер беруде.

Депутаттық сауалдар бойынша жүргізілген талдау да назардан тыс қалмады. 2023 жылдан бері облыстық мәслихат депутаттары тарапынан 1395 сауал жолданып, олардың басым бөлігі тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және құрылыс саласына қатысты болған. Бұл өз кезегінде аталған бағыттардың өзектілігін көрсетеді.

Жиын барысында фракция мүшелері күн тәртібіндегі мәселелер бойынша пікір алмасып, ұсыныстарын ортаға салды.

Қорытынды сөзінде Алмас Салимов халықпен тікелей байланыс мемлекеттік саясаттың негізгі өзегі екенін атап өтті. Бұл бағыт Қасым-Жомарт Тоқаев ұсынған «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында жүзеге асып жатқанын жеткізді. Оның айтуынша, депутаттардың сайлаушылармен кездесуі тек есеп беру емес, нақты мәселелерді шешуге бағытталған тиімді алаң болуы тиіс.

Отырыс қорытындысы бойынша күн тәртібінде қаралған мәселелерге сәйкес тиісті қаулы қабылданып, алдағы жұмыс бағыттары айқындалды.

«АУЫЛ АМАНАТЫ» – АУЫЛҒА ЖАН БІТІРГЕН БАСТАМА

Ауылдық жерлерде кәсіпкерлікті дамыту ел экономикасын нығайтудың маңызды бағыттарының бірі. Соңғы жылдары осы мақсатта жүзеге асырылып жатқан түрлі мемлекеттік және партиялық бағдарламалар ауыл тұрғындарына өз ісін бастауға нақты қолдау көрсетіп келеді. Солардың қатарында «AMANAT» партиясының бастамасымен жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» жобасының орны ерекше. Бұл бастама ауыл азаматтарының кәсіпкерлікке бет бұруына жол ашып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын құруға, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға ықпал етуде.

Осындай табысты жобалардың бірі Түркістан облысы, Қазығұрт ауданына қарасты Шарбұлақ ауылында жүзеге асқан. Кәсіпкер Досым Тұранов аталған жоба аясында өз кәсібін бастап, бүгінде ауыл тұрғындарына қызмет көрсетіп отырған шағын өндіріс орнын қалыптастырды. Ол кәсіп ашу нақты бизнес-жоспар дайындаған. Нәтижесінде «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы 9 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несиеге қол жеткізіп, қажетті құрал-жабдықтарын сатып алып, плас-тик есік-терезе шығаратын шеберханасын іске қосқан.

Бүгінде кәсіпкер өз ауылымен қатар көршілес елді мекендерден де тапсырыс қабылдап, сапалы өнім ұсынып келеді. Досым Тұранов бұрын тұрақты жұмыс орны болмай, басқаға тәуелді болып жұмыс істегенін, қазір, өз кәсібін дөңгелетіп отырғанын жеткізді.

- «Тапсырыс берушілер саны да артып келеді. Ең бастысы бірнеше азаматты жұмыспен қамтуға мүмкіндік туды. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Осы ретте жобаға бастамашыл болған “AMANAT” партиясына алғысымды білдіремін. Осындай қолдаудың арқасында ауыл жастары кәсіпкерлікке бет бұрып, өз ісін ашуға мүмкіндік алып отыр. Алдағы уақытта кәсібімізді кеңейтіп, жұмыс орындарын көбейтуді жоспарлап отырмыз», – дейді кәсіпкер.

Қазіргі таңда ол пластик есік-терезелерді дайындаумен айналысатын шеберханасын толық іске қосқан. Тапсырыстарды тек өз ауылынан ғана емес, көршілес елді мекендерден де қабылдап, тұтынушылар сұранысына сай өнім шығаруда. Бұл оның кәсібінің тұрақты дамып келе жатқанын көрсетеді. Бұрын өз цехы болмағандықтан, басқаға тәуелді болып жұмыс істеген Досым Сабырұлы үшін бұл үлкен жетістікке айналды.

Жуырда Шарбұлақ ауылына арнайы барған «AMANAT» партиясы Түркістан облыстық филиалының төрағасы Алтынсары Үмбетәлиев, аудан басшылығы және аудандық партия филиалының жауапты азаматтары кәсіпкердің жұмысымен танысты. Олар өндіріс барысын көзбен көріп, жобаның ауыл өміріне әкелген нақты пайдасын жоғары бағалады. Кәсіпорынның жұмыс істеуі тек бір адамның табысын арттырып қана қоймай, ауыл жастары үшін де жаңа мүмкіндіктер ашып отырғаны атап өтті.

Кездесу барысында жоба аясында көрсетіліп жатқан қолдаудың маңыздылығы ерекше айтылды. Бұл бастама ауыл тұрғындарына тұрақты табыс көзін қалыптастыруға, өз кәсібін жүргізуге сенімді негіз бола алатыны жеткізілді. Әсіресе еңбекқор, бастамашыл жастар үшін мұндай бағдарламалардың тиімділігі зор екені сөз болды.

Жалпы мұндай жобалар ауылдардың дамуына тың серпін беріп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға ықпал етуде. «Ауыл аманаты» сияқты бастамалар арқылы кәсіпкерлікке бет бұрған азаматтар саны артып, ауыл экономикасы біртіндеп жанданып келеді.

«БҰЛ АЛЛЕЯ КӨГАЛДАНДЫРУ ШАРАСЫ ҒАНА ЕМЕС, ӨТКЕНГЕ ТАҒЗЫМ МЕН БОЛАШАҚҚА БАҒДАР»

Түркістан қаласында «Ерлік пен бірлік – заң мен тәртіптің тірегі» атты кең ауқымды акция аясында «Таза Қазақстан» аллеясының ашылу салтанаты өтті. Игі бастама Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің бастамасымен, Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің ұйытқы болуымен және облыс әкімдігінің қолдауымен жүзеге асырылды. Акцияға зиялы қауым өкілдері, құқық қорғау органдарының басшылары, депутаттар мен қоғам белсенділері, белсенді жастар қатысты.

Аталған акция 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мен Ұлы Жеңістің 81 жылдығына арналды. Басты мақсат – тарихи жадты сақтау, ұрпақтар сабақтастығын нығайту, сондай-ақ экологиялық мәдениет пен қоғамдық құндылықтарды дәріптеу.

Жиында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев сөз сөйлеп, бастаманың рухани және қоғамдық маңызына тоқталды. Ол бұл аллея тек көгалдандыру шарасы ғана емес, өткенге тағзым мен болашаққа бағдар екенін атап өтіп, заң мен тәртіп үстемдігі – әділетті қоғамның басты тірегі екенін жеткізді. Сонымен бірге елге еңбегі сіңіп жүрген бірнеше азаматты марапаттады.

Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров «Таза Қазақстан» бағдарламасының өмірлік дағдыға айналуы керектігін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Таза Қазақстан» бағдарламасын жариялап, экологиялық маңызы зор бастама көтерген болатын. Осы тапсырма аясында Түркістан облысында ауқымды жұмыстар атқарылып жатыр. Бүгін сол акцияларды жалғастырып, «Таза Қазақстан» аллеясының іргетасын қалау рәсімінде бас қосып тұрмыз. Сондықтан бүгінгі бастамаға қолдау білдірген экономикалық тергеп-тексеру департаментіне, зиялы қауым мен белсенді жастарға шынайы алғысымды білдіремін. «Таза Қазақстан» бағдарламасы – біркүндік немесе уақытша бастама емес. Ол біздің өмір салтымызға айналуы керек. Былтыр өңірімізде «Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында 7 мыңнан аса іс-шара өтіп, 1 миллионнан астам ағаш егілді. Елді мекендер қоқыстан тазартылып, аймағымыз жайнай түсті. Биыл да бұл жұмыстар жалғасып, миллионнан аса көшет егіледі. Осы бастамаға серпін берген жаңа аллея – тазалық пен дамудың, бірлік пен жасампаздықтың мәңгілік символына айнала берсін! Баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық тілеймін! – деді Нұралхан Көшеров.

Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің басшысы Ерболат Балғабаев пен Түркістан облысының ардагерлер кеңесінің төрағасы Жеңісбек Мәуленқұлов та сөз сөйлеп, қоғамда құқықтық мәдениетті қалыптастыру мен адалдық қағидаттарын нығайтудағы мұндай бастамалардың рөлін атап өтті.

Мәдени бағдарлама аясында патриоттық әндер шырқалды. Арыстағы Т.Тәжібаев атындағы балалар ауылының тәрбиеленушілері мен «Жаңа леп» ұжымы өнер көрсетті.

Іс-шара барысында «Таза Қазақстан» аллеясына қазақ халқының көрнекті батырлары мен тарихи тұлғалары дүниеге келген өңірлерден арнайы жеткізілген көшеттер отырғызылды. Әрбір ағашқа олардың есімдері символдық түрде беріліп, бұл бастама тарихи мұраны ұлықтау мен экологиялық жауапкершілікті ұштастырған ерекше жобаға айналды.

ЛУДОМАНИЯ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Сайрам ауданы, Ақсукент елді мекеніндегі Ақсукент гуманитарлық-техникалық колледжі базасында «Өмір – қымбат сый: Лудомания – қоғам дерті» атты семинар-тренинг ұйымдастырылды.

Кездесудің негізгі мақсаты – жастарды құмар ойындардың зиянынан сақтандыру, лудоманияның адам өміріне тигізетін кері әсерін түсіндіру және жасөспірімдердің өмірге деген жауапкершілігін арттыру.

Семинар-тренингті «Отбасы институтын дамыту» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, тренер-педагог Нұржан Сапарханұлы жүргізді.

Іс-шара барысында құмар ойынға тәуелділіктің адамның психологиялық жағдайына, отбасылық қарым-қатынасына, оқуына және болашағына әсері кеңінен сөз болды. Сонымен қатар жастарға қаржыны дұрыс басқару, уақытты тиімді пайдалану және пайдалы орта қалыптастыру жөнінде маңызды мәліметтер берілді.

Спикер лудоманияның салдарынан адам күйзеліске түсіп, қарызға батуы, өз мақсаты мен қызығушылығынан айырылуы мүмкін екенін атап өтті. Сонымен қатар жастарға кез келген қиындықты құмар ойын арқылы емес, дұрыс шешім мен нақты мақсат арқылы еңсеру қажеттігін түсіндірді.

Кездесу барысында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, пікір алмасты. Түрлі психологиялық жаттығулар ұйымдастырылып, жастарға зиянды әдеттердің алдын алу жолдары көрсетілді.

Шара соңында ұйымдастырушылар жас буынды саналы өмір салтын ұстануға шақырып, әр адамның болашағы өз қолында екенін жеткізді. Сонымен қатар белсенділік танытқан студенттерге Түркістан облысының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің атынан арнайы сертификаттар мен жейделер табысталды.

ТӘРТІП - ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ!

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен №11 техникалық колледжде «Нашақорлыққа жол жоқ! Тәртіп - тұрақтылық кепілі!» атты семинар-тренинг өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты - жастарға нашақорлықтың қауіпті салдарын түсіндіру, тәртіп пен жауапкершіліктің маңызын ұғындыру және салауатты өмір салтын насихаттау.

Семинар-тренингті отбасы психологы, практик психолог Марал Өмірзақова жүргізді.

Кездесу барысында есірткіге тәуелділіктің адамның денсаулығына, мінез-құлқына, психологиялық жағдайына және болашағына тигізетін зияны кеңінен айтылды. Сонымен қатар жастарға дұрыс орта қалыптастыру, уақытты тиімді пайдалану, спортпен айналысу және пайдалы әдеттерді өмір салтына айналдыру жөнінде маңызды кеңестер берілді.

Спикер нашақорлықтың салдарынан адамның өмірлік мақсаты әлсіреп, білім мен еңбекке деген қызығушылығы төмендеуі мүмкін екенін атап өтті. Сондай-ақ тәртіпке бағыну, өзін-өзі дамыту және жақсы орта таңдау әр жастың болашағына тікелей әсер ететінін жеткізді.

Семинар барысында студенттер ашық пікір алмасып, өздерін толғандырған сұрақтарына жауап алды. Түрлі психологиялық жаттығулар ұйымдастырылып, жастарға өмірде дұрыс таңдау жасаудың маңызы түсіндірілді.

Шара соңында ұйымдастырушылар жас буынды білімге ұмтылуға, салауатты өмір салтын ұстануға және өз болашағына сеніммен қарауға шақырды. Сонымен қатар белсенділік танытқан студенттерге Түркістан облысының «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің атынан арнайы сертификаттар мен жейделер табысталды.

САЛАЛЫҚ ВОЛОНТЕРЛІКТІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚҰРАЛДАРЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен салалық волонтерліктің негіздері мен әдістемелік құралдарын таныстыру мақсатында кездесу өтті. Іс-шара Түркістан облысы әкімінің орынбасары Алтаев Ертай Кенжебекұлының қатысуымен өтті.

Кездесуге облыстық бірқатар басқармалар мен мемлекеттік органдардың өкілдері қатысып, волонтерлік қызметті түрлі салада дамыту тетіктерін талқылады.

Жиынға спикер ретінде «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің Ұлттық волонтерлік фронт-офисінің жетекшісі Айбек Досымбетов және волонтерлік саласының елдік сарапшысы Елена Амреева қатысып, салалық волонтерлікті дамыту бағыттары, әдістемелік құралдардың мазмұны және оны тәжірибеде қолдану жолдары туралы ақпарат берді.









Кездесу барысында қатысушылар білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік қолдау, мәдениет, спорт, туризм, қоғамдық қауіпсіздік және экология бағыттарында волонтерлік бастамаларды дамыту мәселелерін талқылап, мемлекеттік мекемелер мен еріктілер арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту жолдарын қарастырды.

Кездесу еріктілік қызметті жүйелі түрде дамытуға, салалық волонтерлікті кеңейтуге және тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін маңызды алаңға айналды.

ЕРІКТІЛЕР КЕҢСЕСІНЕ ЭКСКУРСИЯ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен еріктілерге арналған жұмыс кеңсесімен таныстыру экскурсиясы өтті.

Іс-шараға спикерлер ретінде «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің Ұлттық волонтерлік фронт-офисінің жетекшісі Айбек Досымбетов және волонтерлік саласындағы елдік сарапшы Елена Амреева қатысты.

Таныстыру барысында қонақтарға еріктілердің жұмыс кеңістігі, жобаларды үйлестіру жүйесі және атқарылып жатқан бастамалар туралы ақпарат берілді.

Сонымен қатар Түркістан өңіріндегі волонтерлік саланың даму бағыты мен атқарылып жатқан жұмыстар таныстырылды.

Бұл деректер Түркістан өңірінде волонтерлік мәдениеттің жүйелі дамып келе жатқанын және жастардың қоғамдық бастамаларға белсенді араласуын көрсетеді.

ЖАСТАР ЖАҢА ИДЕЯЛАРЫН ОРТАҒА САЛДЫ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен жас волонтерлермен кездесу өтті.

Іс-шараның мақсаты – жастардың еріктілік бастамаларын қолдау, олардың қоғамдық белсенділігін арттыру, волонтерлік мәдениетті дамыту және тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау.

Кездесуге спикер ретінде «Ұлттық волонтерлік желі» заңды тұлғалар бірлестігінің Ұлттық волонтерлік фронт-офисінің жетекшісі Айбек Досымбетов және волонтерлік саласындағы елдік сарапшы Елена Амреева қатысты.

Кездесу барысында еріктілер өз тәжірибелерімен бөлісіп, атқарылып жатқан жұмыстар туралы ақпарат берді.

Бүгінде Түркістан өңірінде түрлі бағыттағы волонтерлік ұйымдар жүйелі жұмыс атқаруда. Олардың қатарында «Birgemiz» жобалары, корпоративтік және күміс волонтерлік бағыттары бар.

Сонымен қатар Түркістан өңіріндегі аудан және қала деңгейіндегі жастар ресурстық орталықтары жанындағы волонтерлік ұйымдар мен ұлттық волонтерлік желінің фронт-офистері де тұрақты жұмыс жүргізуде.

Кездесу барысында жастар волонтерлік саласындағы жаңа идеялар мен ұсыныстарын ортаға салып, қоғам игілігі жолында атқарылып жатқан жұмыстардың маңызын атап өтті.

ӘРБІР ЖАС – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ

Созақ аудандық “Жастар ресурстық орталығы” КММ-нің ұйымдастыруымен “Ел қорғау – елдің парызы” атты жас сарбаздарды әскерге шығарып салу рәсімі өтті.

Іс-шараның мақсаты — жастардың бойында патриоттық рухты қалыптастыру, Отанға деген сүйіспеншілікті арттыру болып табылады.

Салтанатты шараны Созақ аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысының міндетін уақытша атқарушы Керімхан Елмұрат Темірханұлы ашып, жас сарбаздарға ақ жол тіледі.

Аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор Мейрамбек Дәулетбаев пен «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің басшысы Ербол Ержигитов болашақ сарбаздардың иығына арнайы лента тағып, термос сыйға тартып,сәт сапар тіледі.

Ұл өсіріп, Отан қорғауға аттандырған ата-аналарға аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің атынан арнайы алғыс хаттар мен сый-сияпаттар табысталды.

Іс-шарада шырқалған патриоттық әндер жастардың ұлттық рухын жанып, бойларына мақтаныш сезімін ұялатты. Әскерге аттанған әрбір жас — елдің ертеңі, жердің қорғаны!

Жас сарбаздарға алдағы уақытта Отан алдындағы борыштарын абыроймен атқарып, аман-есен оралуларына тілектеспіз!

ЕРІКТІЛЕР ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫСТАР ЖҮРГІЗУДЕ

Түркістан облысында еріктілер қозғалысының дамуы мен жастар саясатының жүзеге асырылу барысына арналған брифинг өтті.

Спикер – облыстық «Жастар ресурстық орталығы» КММ басшысының орынбасары Дінислам Нартайұлы мен Ұлттық волонтерлік желінің жетекшісі Айбек Аяпбергенұлы Досымбетов болды.

Брифинг барысында өңірдегі еріктілер қызметінің негізгі бағыттары, іске асырылып жатқан жобалар мен алдағы жоспарлар таныстырылды. Қазіргі таңда облыста 24 мыңнан астам ерікті жас қоғамдық жұмыстарға тартылған.

2025 жылы жастар саясаты аясында 7 мыңнан астам іс-шара өткізіліп, 600 мыңнан астам жас қамтылды. Еріктілер экологиялық, әлеуметтік және қайырымдылық бағыттарында жүйелі жұмыстар жүргізуде.

Атап айтқанда, «Таза Қазақстан» бағдарламасы шеңберінде тазалық акциялары, абаттандыру және әлеуметтік қолдау шаралары ұйымдастырылды.

Брифинг барысында БАҚ өкілдерінің сұрақтарына жауап беріліп, еріктілік қызметті дамыту мәселелері талқыланды.

Іс-шара Жастар ресурстық орталығының ресми әлеуметтік желі парақшасында тікелей эфирде көрсетілді.

«ҰЛТ БАТЫРЫ – ЕР БЕКЗАТ»

Мәдениет үйінде қазақ боксының жарық жұлдызы Бекзат Саттархановтың рухына арналған тағылымға толы кеш ұйымдастырылды.

Шара барысында Сидней Олимпиадасы – 2000 жеңімпазы атанған даңқты спортшының өмір жолы, ерлігі мен елге қалдырған өнегесі кеңінен дәріптелді.

Кештің негізгі мақсаты – жас ұрпаққа батырдың қайсар мінезін үлгі етіп, елге деген сүйіспеншілік пен намыс рухын қалыптастыру.

Тағылымды кешке қаламыздың ардагер ақсақалдары мен белсенді жасөспірімдер қатысып, ұлт мақтанышының жарқын бейнесін бірге еске алды. Жиын барысында Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Мұсағалиев Қадырболат, Облыстық ақсақалдар алқасының төрағасы Істілеуов Есенәлімұрат, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қыдырәлі Рысбеков және Түркістан қаласы мәслихатының төрағасы Ғаппар Сарсенбаев сөз сөйлеп, Бекзаттың ел жадында мәңгі сақталатын ерлігі мен өнегелі ғұмырына тоқталды.

Шара аясында №2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі ұйымдастырған ұлттық және зияткерлік ойындар – “Асық ату”, “Шахмат” жарыстарының жеңімпаздарын марапаттау рәсімі өтті. Бұл бастама жас буынның спортқа қызығушылығын арттырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге бағытталды.

Кеш соңында әсерлі концерттік бағдарлама ұсынылып, көрермендерге ерекше рухани әсер сыйлады. Батырдың есімі ұлықталып, ерлігі тағы бір мәрте айшықталды.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ – ЖАС МАМАНДАРҒА МҮМКІНДІК

Жастар практикасы – оқуын аяқтаған түлектерге өз мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік беретін мемлекеттік бағдарлама. Аталған бағдарлама жас мамандардың кәсіби дағдыларын дамытуға, еңбек нарығына бейімделуіне және болашақта тұрақты жұмыс табуына қолдау көрсетеді.

Қатысу шарттары:

– Жоғары оқу орнын немесе колледжді тәмамдаған, дипломы бар жастар;

– Оқуды аяқтағанына 5 жылдан аспауы қажет;

– Жұмыс тәжірибесінің болмауы немесе аз болуы мүмкін.

Бағдарлама шарттары:

– Ай сайынғы жалақы: 30 АЕК (129 750 теңге);

– Жұмыспен қамту мерзімі: 12 айға дейін;

– Қатысушылар өз мамандығы бойынша ұйымдарда жұмыс тәжірибесінен өтеді.

Қажетті құжаттар:

– Жеке куәлік;

– Диплом (білім деңгейін және мамандығын растау үшін);

– Еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек кітапшасы немесе оның электронды нұсқасы, болған жағдайда).

Жастар практикасы – жас мамандарға кәсіби тәжірибе жинақтап, еңбек жолын бастауға берілген маңызды мүмкіндік.



Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН,
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Журналистика және әлеуметтік ғылымдар Жоғары мектебі Журналистика және медиаөнер кафедрасының профессоры, ф.ғ.к.

ЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ДАМУЫ МЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

(М.Б. Шиндалиева еңбектері негізінде)

Журналистика ғылымында жанр ұғымы ең маңызды теориялық категориялардың бірі болып табылады. Жанр журналистік шығармашылықтың құрылымын, мазмұнын және ақпаратты аудиторияға жеткізу тәсілін анықтайтын негізгі құралдардың бірі. Сондықтан жанр мәселесі журналистиканың теориялық және тәжірибелік аспектілерін түсінуде маңызды орын алады.

Ақпараттық қоғам жағдайында медиакеңістіктегі өзгерістер журналистика жанрларының табиғатына да әсер етті. Интернет-журналистика, әлеуметтік желілер, мультимедиалық платформалардың дамуы дәстүрлі жанрлардың жаңа сипатқа ие болуына ықпал етті. Осыған байланысты журналистика ғылымында жанрларды қайта қарастыру және олардың қазіргі медиа жағдайындағы ерекшеліктерін зерттеу қажеттілігі туындады.

Журналистика жанрларының теориялық негіздерін жүйелеу және олардың қазіргі медиакеңістіктегі өзгерістерін зерттеу мәселесінде профессор М.Б.Шиндалиеваның еңбектері ерекше орын алады. Ғалымның «Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» атты оқу құралы мен «Қазіргі журналистика жанрлары» оқулығы журналистика жанрлары теориясының дамуындағы маңызды ғылыми еңбектердің бірі болып саналады.

Бұл мақалада аталған екі еңбектің мазмұны, ғылыми бағыты, құрылымы және олардың өзара сабақтастығы талданады. Сонымен қатар, журналистика жанрларының эволюциясы мен жаңа медиа жағдайындағы трансформациясы қарастырылады.

Журналистикадағы жанр ұғымы әдебиеттану мен публицистика теориясымен тығыз байланысты. Ғалымдардың пікірінше, жанр - белгілі бір мазмұнды жеткізуге арналған шығармашылық пішіннің тарихи қалыптасқан түрі. Журналистикада жанр ақпаратты беру тәсілі, құрылымдық ерекшелігі және мазмұндық бағыты арқылы анықталады.

М.Б. Шиндалиеваның «Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» атты оқу құралында жанр ұғымының теориялық негіздері кеңінен қарастырылады. Автор жанрды журналистік шеберліктің негізгі элементі ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, журналист айтар ойын аудиторияға тиімді жеткізу үшін жанр заңдылықтарын меңгеруі қажет.

Оқу құралында публицистика жанрларының қалыптасу тарихы, олардың ерекшеліктері мен функциялары жан-жақты талданады. Сонымен қатар, жанрлардың қоғамдағы ақпараттық процестермен байланысы көрсетіледі. Автор жанрлардың уақыт пен кеңістікке тәуелсіз өмір сүретінін, бірақ қоғамдағы оқиғалар мен құбылыстардың сипатына байланысты өзгеретінін атап өтеді.

Журналистика жанрлары теориясында жанрларды бірнеше топқа бөлу дәстүрі қалыптасқан. Бұл жіктеу ақпаратты беру тәсілі мен мазмұнына негізделеді.

М.Б. Шиндалиеваның еңбегінде журналистика жанрлары үш негізгі топқа бөлінеді:

1. Ақпараттық жанрлар

Ақпараттық жанрлардың негізгі мақсаты – оқиға туралы жедел әрі нақты ақпарат беру. Бұл жанрларға мыналар жатады: жаңалық немесе хабар, репортаж, есеп, сұхбат. Бұл жанрлар журналистиканың жедел ақпарат тарату функциясын жүзеге асырады.

2. Сараптамалық жанрлар

Сараптамалық жанрлар ақпаратты терең талдауға бағытталған. Оларға: комментарий, корреспонденция, мақала, рецензия, шолу жатады. Бұл жанрлардың негізгі міндеті - қоғамдық құбылыстардың себеп-салдарын түсіндіру.

3. Көркем-публицистикалық жанрлар

Бұл жанрлар журналистиканың көркемдік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, әлеуметтік мәселелерді бейнелі түрде көрсетуге бағытталған. Оларға: очерк, эссе, сатиралық жанрлар жатады. Бұл классификация журналистика ғылымында кең таралған дәстүрлі жүйеге сәйкес келеді.

Журналистика жанрлары белгілі бір функцияларды орындайды. М.Б. Шиндалиеваның еңбегінде жанрлардың бірнеше негізгі қызметі көрсетілген:

Ақпараттық функция – қоғамдағы оқиғалар туралы жедел ақпарат беру.

Түсіндіру функциясы – құбылыстардың мәнін ашып көрсету.

Коммуникативтік функция – журналист пен аудитория арасындағы байланыс орнату.

Ықпал ету функциясы – қоғамдық пікір қалыптастыру.

Бұл функциялар журналистиканың қоғамдық маңызын көрсетеді.

Қазіргі медиакеңістікте ақпарат тарату технологияларының дамуы журналистика жанрларына жаңа өзгерістер әкелді. Интернет-журналистика, әлеуметтік желілер және мультимедиалық платформалар жанрлардың жаңа пішіндерінің пайда болуына ықпал етті.

М.Б. Шиндалиеваның «Қазіргі журналистика жанрлары» оқулығында осы өзгерістер жан-жақты талданады. Автор дәстүрлі жанрлардың жаңа медиа жағдайында өзгеріске ұшырағанын атап өтеді. Мысалы, қазіргі медиада кең тараған жаңа жанрлық пішіндер: лонгрид, подкаст, сторителлинг, фоторепортаж, дата-журналистика, инфографика. Бұл жанрлар ақпаратты мультимедиалық форматта ұсынуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар әлеуметтік желілер журналистиканың жаңа пішіндерін қалыптастырды. Мысалы, блог, стриминг, әлеуметтік желідегі репортаж сияқты жанрлар журналистика мен азаматтық журналистиканың аралас формасы ретінде дамып келеді.

М.Б. Шиндалиеваның екі еңбегі бір ғылыми бағытты жалғастырып, журналистика жанрлары теориясының даму эволюциясын көрсетеді.

Бірінші еңбек журналистика жанрларының теориялық негіздерін жүйелеуге бағытталған. Онда жанрлардың классикалық жүйесі мен олардың ерекшеліктері қарастырылады. Ал екінші еңбек осы теориялық негіздерді сақтай отырып, жаңа медиадағы жанрлық өзгерістерді зерттейді.

Екі еңбектің сабақтастығы бірнеше аспектіден көрінеді:

- жанр ұғымының ғылыми түсіндірілуі;
- жанрлардың дәстүрлі классификациясының сақталуы;
- теория мен практиканың байланысы;
- жаңа медианың жанрлық жүйеге ықпалы.

Бұл еңбектер журналистика жанрларының эволюциясын толық түсінуге мүмкіндік береді.

М.Б. Шиндалиеваның еңбектері журналистика мамандарын даярлау жүйесінде маңызды рөл атқарады.

Біріншіден, бұл еңбектер студенттерге жанр теориясын жүйелі түрде меңгеруге мүмкіндік береді.

Екіншіден, кітаптарда келтірілген тәжірибелік мысалдар студенттердің кәсіби дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Үшіншіден, жаңа медиадағы жанрлық өзгерістерді талдау болашақ журналистердің қазіргі медиакеңістікте жұмыс істеу қабілетін қалыптастырады. Осы тұрғыдан алғанда, бұл еңбектер журналистика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады.



М.Б. Шиндалиеваның «Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» (2014) оқу құралы мен «Қазіргі журналистика жанрлары» (2026) оқулығы журналистика ғылымының теориялық негіздерін жүйелеумен қатар, жоғары білім беру жүйесінде кеңінен қолданылатын маңызды ғылыми-әдістемелік еңбектердің қатарына жатады. Бұл еңбектердің ғылыми құндылығы олардың тек оқу процесінде қолданылуымен ғана емес, сонымен қатар журналистика мамандығы бойынша магистратура мен докторантураға түсу емтихандарының бағдарламаларына енгізілуімен де айқындалады.

Қазақстан Республикасында ғылыми кадрларды даярлау жүйесі бірнеше кезеңнен тұрады. Соның ішінде магистратура мен докторантура - жоғары деңгейдегі ғылыми мамандарды қалыптастырудың негізгі сатылары болып табылады. Бұл деңгейлерде білім алушылардан журналистика теориясы мен тәжірибесін, медиакеңістіктегі өзгерістерді және журналистика жанрларының даму үрдістерін терең меңгеру талап етіледі. Сондықтан аталған деңгейлердегі емтихан бағдарламаларына енгізілетін әдебиеттер мен ғылыми еңбектердің ғылыми-теориялық деңгейі жоғары болуы қажет. Осы тұрғыдан алғанда, М.Б. Шиндалиеваның еңбектері Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен журналистика бағыты бойынша магистратураға қабылдау емтихандарының тест тапсырмаларына және докторантураға түсу емтихандарының сұрақтарына енгізілген маңызды ғылыми дереккөздердің бірі болып табылады. Бұл еңбектердің емтихан бағдарламасына енгізілуі олардың журналистика ғылымындағы теориялық және әдістемелік маңызын айқын көрсетеді.

«Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» [1] оқу құралында журналистика жанрларының теориялық негіздері, олардың құрылымдық ерекшеліктері мен функционалдық қызметі жүйелі түрде қарастырылған. Бұл еңбек болашақ журналистер мен зерттеушілерге жанр теориясын жан-жақты меңгеруге мүмкіндік береді. Кітапта публицистика жанрларының қалыптасуы, олардың негізгі түрлері және журналистік мәтіннің жанрлық ерекшеліктері нақты мысалдар арқылы түсіндіріледі. Мұндай ғылыми-әдістемелік тәсіл студенттердің теориялық білімін тәжірибемен ұштастыруға ықпал етеді.

Ал «Қазіргі журналистика жанрлары» [2] оқулығында журналистика жанрларының қазіргі медиакеңістіктегі өзгерістері мен трансформациясы қарастырылады. Автор жаңа медиа жағдайында дәстүрлі жанрлардың жаңа сипатқа ие болуын ғылыми тұрғыдан талдайды. Интернет-журналистика, мультимедиалық контент, әлеуметтік желілер және цифрлық платформалардың дамуы журналистика жанрларының жаңа пішіндерінің қалыптасуына әсер еткені көрсетіледі.

Оқулықта подкаст, сторителлинг, инфографика, дата-журналистика, лонгрид, фоторепортаж сияқты заманауи жанрлық пішіндер жан-жақты талданған. Бұл жанрлар қазіргі ақпараттық қоғамдағы медиаконтенттің жаңа форматтарын түсінуге мүмкіндік береді.

Аталған еңбектердің магистратура мен докторантураға түсу емтихандарының бағдарламасына енгізілуі бірнеше маңызды ғылыми факторлармен түсіндіріледі.

Біріншіден, бұл еңбектер журналистика жанрларының теориялық негіздерін жүйелі түрде түсіндіретін ғылыми зерттеулер болып табылады. Жанр теориясын меңгеру журналистика ғылымының базалық бағыттарының бірі болғандықтан, болашақ зерттеушілер мен оқытушылар үшін бұл еңбектердің маңызы ерекше.

Екіншіден, кітаптарда дәстүрлі және қазіргі журналистика жанрларының сабақтастығы айқын көрсетілген. Бұл ғылыми тұрғыдан маңызды мәселе болып табылады, себебі қазіргі медиакеңістіктегі өзгерістерді түсіну үшін журналистика жанрларының тарихи даму эволюциясын білу қажет.

Үшіншіден, аталған еңбектерде теориялық тұжырымдар нақты практикалық мысалдармен толықтырылған. Баспасөз материалдары, теле-радио хабарлары мен интернет медиадан алынған мысалдар жанрлық ерекшеліктерді нақты көрсетуге мүмкіндік береді. Бұл тәсіл білім алушылардың сараптамалық ойлау қабілетін дамытуға ықпал етеді.

Төртіншіден, бұл еңбектерде қазіргі медиакеңістіктегі жаңа жанрлық пішіндер ғылыми тұрғыдан талданады. Қазіргі цифрлық дәуірде журналистика жанрларының өзгеруі журналистика ғылымының маңызды зерттеу бағыттарының бірі болып отыр. Сондықтан магистратура мен докторантура деңгейіндегі емтихандарда осы мәселелерге қатысты сұрақтардың енгізілуі ғылыми тұрғыдан негізделген. Сонымен қатар, бұл еңбектердің емтихан бағдарламаларына енгізілуі олардың журналистика ғылымындағы ғылыми мектеп қалыптастырудағы рөлін де көрсетеді. Жанр теориясын жүйелі түрде зерттеу журналистика ғылымының дамуына ықпал етеді және жаңа ғылыми зерттеулердің пайда болуына негіз болады.

Жалпы алғанда, М.Б. Шиндалиеваның еңбектері журналистика ғылымының теориялық дамуына ғана емес, сонымен қатар жоғары білім беру жүйесінің сапасын арттыруға да үлес қосып отыр. Олардың магистратура мен докторантура емтихан бағдарламаларына енгізілуі журналистика жанрлары теориясының ғылыми маңызын айқындайды және болашақ зерттеушілердің кәсіби даярлығын нығайтуға ықпал етеді.

Журналистика жанрлары теориясы журналистика ғылымының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Жанрлар ақпаратты жеткізу тәсілін анықтап қана қоймай, журналист пен аудитория арасындағы коммуникацияны қамтамасыз етеді.

М.Б. Шиндалиеваның «Журналистика жанрларының пішіндері мен функциясы» оқу құралы жанр теориясын жүйелі түрде түсіндіретін іргелі еңбек болып табылады. Ал «Қазіргі журналистика жанрлары» оқулығы жаңа медиа дәуіріндегі жанрлардың трансформациясын зерттеуге арналған. Бұл екі еңбек бір ғылыми бағыттың жалғасы ретінде журналистика жанрлары теориясының дамуын көрсетеді. Олар дәстүрлі жанрлар мен жаңа медиадағы жанрлық пішіндердің байланысын айқындап, журналистика ғылымының дамуына маңызды үлес қосады.

Астана, Қазақстан



Захардин ҚЫСТАУБАЙҰЛЫ,
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

ТЕМІРЛАНДА ТОҒЫСҚАН

(Жалғасы. Басы өткен сандарда).

IV. Осы жұрт Жәрменовті біле ме екен?

4. Колхоз құру қозғалысының көшбасшысы

Осының алдындағы «Жаушы-жаушаптылардың бүкілодақтық социалистік жарысы» деген шолу мақалада Мәскеуден шығып, бүкіл одаққа тарайтын, алып мемлекеттің басты басылымы болып саналатын «Правда» газетінде 1926 жылы, дәлірек айтқанда 22 декабрь күнгі 296-шы нөмірінде Е.Жәрменовке қатысты сын жарияланғанын еске салғанбыз. Бұның шындыққа жанаспайтынын да дәлелдеп көрсеткен едік. Тағы бір қайталап өтейік.

«Тисе – терекке, тимесе – бұтаққа» демекші, қаламды тентектің қолшоқпары ретінде оңды-солды сілтей берген тілшінің жазбасы жарық көрген 1926 жылы Е.Жәрменов автор екпін бере айтқандай емес, Шымкент уезі атқару комитетінің төрағасы қызметінен әлдеқашан кетіп, Қызылорда қаласындағы халық институтының директоры болып отырған. Қисынсыз ғой. Тарихи құжаттарды сүзіп өткенде бұның бір себебі табылды. Оны, қысқа қайырғанда, «шындықтан жеңілгендердің кеш те болса, буынсыз жерге пышақ ұрып, кек алуға ұмтылуы» деуге болады. Қайда қызметте отырса да, қай жерде жүрсе де ел-жұртын, халқын ұмытпайтын қазақтың ер азаматы Елекең сонау Қызылордада отырып, Шымкенттегі жерлестерінің өмір тіршілігі туралы «Еңбекші қазақ» газетінде 1926 жылы, 26 ноябрьде (№263) «Үлгілі шаруалар» деген мақала бастырыпты. «Правда» тілшісіне қалам алдырған жағдайдың сыры осы мақалада тұр екен. Е.Жәрменов бұл жолы да әдеттегісіндей, тұрғылықты халықты өмір сүру үшін қолайлы жерге орналастыру барысы және осылай еткенде көшпенді қазақтың отырықшылыққа тез бейімделіп кететіні туралы әңгімелейді. Ақмола қыстағы тұрғындарының іс-әрекет-тіршілігін басқа қандастарға үлгі-өнеге ретінде ұсынады. Бұның «Правдаға» ұнамай қалған тұсы мынау болса керек:

«Бадам болысында Ақмола деген қыстақ бар, - деп жазады автор. - Түркістанда жерді реттеу жұмысы жүргізілгенде, 1921 жылы осы қыстаққа жер беріліп, өңкей жалшы-малайлар жерге орналастырылған еді. Осы күні бұл қыстақта 114 үй бар. Сол, 1921 жылы жерді реттеу жұмысында өз еркінше тілеген жерінен артық жер алып отырған Жагоровка, Петропавловка деген орыс поселкаларынан 1458 десятина жер алынып, ол жерге Ақмола қыстағының жалшы-малайлары орналастырылған еді».

Бұдан әрі Жәрменов шындықтың түп тамырын одан әрі ашып көрсетеді:

«Осы 1458 десятина жерді патша өкілдері 1901 жылы қазақтан тартып алып, Жагоровка поселкасына берген. Қазақ кедейлерін Қарасора деген егіске жарамсыз, таулы-тасты жерге айдап шығарған. Егістік жерден айрылған қазақ шаруалары кедейлене-кедейлене, 1920 жылы шұбырып, орыс арасына барып, малайлыққа жалданып кеткен. Бірсыпырасы 1917-1918 жылдарғы жылан жұтында қырылып қалған. Міне осы кедейлердің қырылғаннан қалған 114 үйі өздерінің атамекен жеріне келіп орналасты».

Жәрменов бұл ауылды жерге орналасқаны үшін ғана бүкіл елге үлгі ретінде ұсынып отырған жоқ. Өз мақаласында ол аталған ауылдың тіршілігін былай суреттеп береді:

«Бұлар үй басына қыстаулық жер алып, еуропаша қала болып орнады. Түп-түзу көше, көшенің екі жағы – арық. Арық бойлап егілген жайқалған ағаш, қыстаулық жерде – жоңышқа, миуалы ағаштар. Миуалы ағаштардың алды биыл жеміс берді. Жыл сайын егістік жер көлемі де, жиналатын өнім мөлшері де артып отыр».

Осы орайда айта кетейік, сонау 1923 жылы Жәрменов көтерген салық мәселесі арада бір ғасырдан аса уақыт өтсе де, ҚР толық тәуелсіздік алғанымен де өзектілігін жоғалтар емес. Сондықтан үтір, нүктесін де өзгертпей, сол қалпында келтірейік.

«Түркістан республикасы халық комиссарлар кеңесінің 99-шы бұйрығының 94-статьясы һәм Түркістан кіндік Обкомының 108-ші нөмірлі жобасының 10-шы статьясы бойынша жерге орналасушы қырғыз-қазақтар 5 жылға дейін барлық салықтан босануға тиіс. Көшпелі күйден жатаққа айналып, жаңа орнықты тіршілікке өту кезінде шаруа көп мұқтаждық көреді. Сондықтан, орнықты тіршілік құруға кіріскен қазақ-қырғыз елі сүйемелдеп, Кеңес хүкіметі оларды 5 жылға дейін барлық салықтан босату, үстіне алған жерлерін үлгерту үшін керекті көлік, түрлі диханшылық аспаптары, тұқым, һәм үй салуға жәрдем көрсетпекші.

Үйездік жерлердегі алым-салық ұйымдарындағы (оқудағы) адамдар жоғарыда айтылған бұйрық һәм жобаға түсінбестікте, осы күнге шейін Шымкент, Әулие-ата үйездерінде бір ұйымды да босатпай отыр.

Өткен 27 ноябрьде халық комиссарлар кеңесінің бастығы һәм жер комиссарлары бұл туралы Сырдария, Жетісу облыстарының жерге орналасу жұмыстары жүріп жатқан үйездеріне мынадай телеграм береді: «99-санды халық комиссарлар кеңесінің бұрынғы һәм соңғы Түркістан һәм кіндік аткомның 158-санды жобасы бойынша отырықшы болуға айналған көшпелілерді тездікпен ауыл шаруасы салығынан босату керек. Бұл жөнінен кесір қылып, жұмысты тоқтатқан адамдар қатты жауапқа тартылады. Бұл бұйрық басқа үйездерде, тіршілікте қандай болып жүріп жатқанын қайдам, біздің Шымкент, Әулие-ата үйездерінде қағаз бетінде қалды. Ақша комиссариатының орынбасары жолдас Инаятов көшпелілер салықтан босатылады деген хабарды естіп, шабуылдап, әдейі Шымкентке барып, жоғарыда айтқан 94-бұйрық бойынша көшпелілер салықтан босамайды, тезден алу шарасына кірісіңдер деп бұйрық беріп, салықтан босату жұмысын тоқтатып кетті.

Сүйтіп, ақша комиссариатының адамы өтірік айтып, жерге орналасушы кедейлерді қақсатып кетеді. Шын бұйрықтар өтірікке көшіп, кедейлерден, жерге орналасушыдан салық алып жатыр.

Законға қарсы кім, жауапқа кім тартылуы тиіс?

Жарменов».

Мақаланың соншалықты өміршеңдігі авторға қатысты қанша мақтау айтсаң да, артық болмайтынын көрсетіп тұр.

Арада екі-үш ай өтер-өтпесте, Жәрменовтың аталған газетте шағын ақпараты жарияланыпты. Сондағы бір сөйлем жаңа өмірге құлшына ұмтылған қазақтардың бар салмақты үкіметке артып қоймай, өздері де нақты әрекет етіп, қаржы жинайтынын жеткізеді. Соңғы бір сөйлем үмітті сенімге айналдырып тұр:

«Осы 1923 жылдың ішінде Шымкент уезінің 9 болысында қазақ халқы жерге орналастырылып, басқа халық қатарында жер, суға еге болып, жайластырылмақ».

Соңғы сөйлемді оқығанда «өз жерінде, өз елінде өгейдің күйін кешкен қайран қазағым-ай» дейсің өзегіңді өкініш шоғы күйдіріп. Біз қазір осындай күйдеміз. Жүз жыл бұрын Жәрменов сынды қанша ер-азаматтар өртеніп, жанып кетті десеңізші...

Е. Жәрменов уездің білім беру саласында еңбек етіп, шәкірт тәрбиелеумен тікелей айналысып жүрген жылдардың өзінде мемлекеттік маңызы зор істерге атсалысып, аса жоғары белсенділік, өткірлік, білімділік танытқаны белгілі. Содан болса керек, ол 1924 жылы Шымкенттегі бастауыш мектептің меңгерушісі болып отырғанда уез атқару комитетінің төрағасы қызметіне «бірден секіріпті». Бұл оның аса танымалдылығының, зор беделінің жемісі. Міне осы кезеңде ол қазақтарды жерге орналастыру, колхоздар ұйымдастыру, бос жатқан немесе егістікке жарамсыз жер-алқаптарды игеру-суландыру мәселесімен жанын, барын сала, тікелей айналысқан. Соның бір мысалы 1924 жылы 4 августа «Ақ жол» газетінде жарияланған мақаласында ол қазақтарды жерге орналастыру жұмысының нәтижесі туралы баяндайды. Бұл мақаланы бөліп-жармай тұтас көшірмелеген дұрыс болар деп ойлаймыз. Өйткені онда уақыт шындығы тұнып тұр:

«Бұл ауданда өткен 1922-1923 жылдардағы жүргізілген жерге орналастыру жұмысының аяғы сол 1923 жылдың күз айларында тәмам болған еді. Жерден пайдаланатұғын әрбір топ, еңбек мөлшері мен үй санына қарай сыбағалы жер-суларын алып, тиісті кеңес органдарынан бекітіліп болған соң, ауыл-ауыл болып, жерлерін кестіріп, қыстақ болып отыруға кірісті.

Былтырғы уақтылы кіріскендері сол кестірген жерлеріне тамтастар салып, қыстап та шықты. Соңырақ қалғандары осы 1924 жылдың жаз айларынан бастап жұмыла істеп, көшелерін түзетіп, көпірлерін салып, арық жағалай ағаш тігіп, үйлерін салуға кірісіп жатыр. Өткен күз айларының ішінде частный жер өлшегіштерді жалдап, Арыс ауданында мынау ауылдар қыстақ болып орнады:

1) Қортай қыстағы - 400 үй, бәрі бір жерде.

2) Аққойлы қыстағы - 60 үй.

3) Оймауыт қыстағы - 100 үй.

4) Сарыүйсін қыстағы - 75 үй.

5) Жаныс қыстағы - 50 үй.

6) Шапыраштықыстағы - 70 үй.

7) Арыс болысының 2 ауылында, 4 жерде – 200 үйлі қазақтар. Барлығы: 895 үй.

Үйездің басқа аудандарында 1921 жылдан бері қарай орналастырылған 1000 үй шамасында қазақтар бар. Өткен жылы жерге орналастыру жұмысы тұсында орналастырылған Қарасаспан қыстақтары – 800 үй.

Осы күні жерлерін кестіріп алып, қыстақ болып отырған қазақтардың барлық саны: 2695 үй.

Былтырдан бері қарай жерге орналастыру жұмысы бәсеңсіп, бұрынғы істеген жерінде онан ары жылжымай, жатып қалып отыр. Былтырғы жер, жер өлшегіштерге таласып жүрген қазақтар, биыл жым-жырт, дерегі жоқ.

Оның себебі: үйездің жерге орналастыру партиясында қазаққа жақындасып сөйлесіп, түсіндіріп, бұл жұмыстарды істейді деп отырған бір қазақ азаматының болмағандығы.

Енді мұнан бұлай осы секілді жұртшылыққа керек жұмыстың барған сайын гүлденіп, осы қалпында тоқтап қалмас үшін жоғары-төменде отырған қазақ азаматтары сөзден, іс артық екенін біліп, әлі де болса салақтық қылмай, бітіп келе жатқан жұмысты ілгері итеріп, қазақ диқан һәм батырақтарының жерлерін кестіріп беріп, бұрынғы ескі тұрмыстарын жаңа мәдени тұрмысқа ұласуына жолбасшы болуы керек.

Елемес Жарменұлы».

Елемес Жәрменовтың қысқа ғұмырында халыққа білім беру, оқыту мекеме-мектептерін ашу-ұйымдастыру, қазақтарды ата қоныстарына орналастыру, толық отырықшы ұлтқа айналдыру, колхоздар көшін сара жолға салу, жалпы қазақ және қырғыз халықтарын сақтау, өркендету, тарихтағы өз орнына қондыру, т.б. бағыттардағы атқарған жұмысын бір мақалада айтып түгесу мүмкін емес. Бұл тұтас кітап-жинаққа сұранып тұрған тақырып. Сондықтан белгілі шеңберден шығып кетпеу бағытын ұстандық. Дегенмен ендігі жерде Ел ағаңның өзі туып-өскен тарихи Темірлан ауылына қатысты нақты еңбегі мен көзқарасына кеңірек тоқталып өтуді парыз санап отырмыз.

5. Бір ауыз сөзде сақталған тарихи шындық

Біз осыған дейінгі мақалаларда, алдыңғы Гүлсім Асфендиярова туралы әңгімеден бастап, кейінгі бірқатар бөлім-тармақтарда Е.Жәрменовтің өз қолымен толтырған құжаттарда «Туған жерім Темірлан» деп жазатынын келтірген едік. Ресейдің, яғни патшалық биліктің бет қаратпай, өзімбілермендікпен қазақтың ұлан-байтақ жерін игеруге құныға кіріскен кезеңінде қазақ ауылдарының тарихи атауларын сыпырып тастап, оларды мемлекеттік құжаттарда тек нөмірмен, санмен ғана белгілеп отырғаны бекерден бекер емес-ті. Бұл ұлттың атын да, тарихын да, жер-су атауларын да біржола өшіру-жою жолындағы нақты қадам еді. Бұны кезінде қазақ зиялылары, әрине, Жәрменов те жақсы түсінді. Сондықтан оның туған ауылы генерал-губернаторлардың іс қағаздарына №8-ші ауыл болып түскеніне қарамастан, ол «Туған жерім Темірлан» деп жазудан бір танбады. Себебі тарихи шындық дәл осы Елағаң жазғандай-тын. Переселендер Оңтүстік-Шымкент өлкесіне жаппай қоныс аудара бастаған 1980-90 жылдарға дейін «Темірлан» атауы қазіргі Қажымұқан, одан бұрынырақтағы Ленин туы ауылына тікелей қатысты болған-ды. Міне осы шындықты, жеті ғасыр бойы жалғасып келе жатқан ақиқатты, Жәрменовтің өз қолымен жазған өмірбаянында сақталып келген хақ деректі Батыс Қытай – Батыс Еуропа күре жолын салу барысында зор мәртебелі, ешкімге бағынбайтын уақыттың өзі анықтап, дәлелдеп, шегелеп берді. Егер дәл осы халықаралық күре жол салынбағанда бұл шындық жабулы, жасырын күйінде қала берер еді.

Бірнеше елді байланыстыратын бұл халықаралық трассаның Шымкент – Самара аталатын бөлігі күні кеше дерлік беріде, көз алдымызда салынды. Бұндай ауқымды жұмысты атқару барысында шешімі шешілуі, күрделі он-сан түйінді мәселелер туындайтыны бесенеден белгілі. Біз соның өз тақырыбымызға тікелей қатысы бар біріне ғана тоқталамыз.

Алғашқы жоба бойынша күре жол аудан орталығы Темірланның тура қақ ортасын жарып өтуге тиіс еді. Солай жоспарланып, солай бекітілген екен. Бірақ ғасыр құрылысын салушылардың алдынан жобалаушылар (олар әлбетте алыста отыр) дер кезінде ескермеген бір түйінді мәселеге ойқастап шыға келді. Ол – жолға көлденең жатып алған Темірлан елдімекені, аудан орталығы еді. Жоба бойынша жаңа трасса осы Темірланды қақ бөліп жатқан Шымкент – Түркістан жолының үстімен өтуі тиіс. Ал ол жол баяғыда салынған және екі жолақты деуге де келе бермейтіндей тар. Оны кеңейтіп, әлемдік стандартқа – төрт жолаққа айналдыру үшін елдімекендегі бірнеше шақырымға созылған көше бойындағы қаншама тұрғын үйлерді, дүкендерді, мекеме-ұйымдардың ғимараттарын, аудандық аурухана кешені, тамақтандыру орындары, музей, стадион, Құдай-ау не жоқ дейсіз, қысқасы т.б. сансыз көп құрылысты бұзу керек. Бұл орасан қаржыны қажет етеді. Бұдан өзге тағы бір нұсқа бар. Ол – трассаны аспа жол сияқты етіп, биіктен, ауыл үстінен өткізу. Бірақ бұл екінші, қосымша жобаға ел түбегейлі қарсы. «Сонда біз қаптаған ызы-қию көліктердің астында өмір сүруіміз керек пе?!» дейді олар. Жұрттың айтқаны жөн, әрине, оны жоққа шығару қиын.

Екі тарап бір ортақ шешімге келе алмай, мәселе шешілу орнына үлкен түйінге – проблемаға ұласты.

«Жобаны біршама өзгерту керек» деген тағы бір ұсынысты қарастыру қолға алынды. Міне осы жаңа жобаны жасау барысында, Құдай жарылқап, іске тарихты білетін азаматтар қатысады. Ұжымдық талқылау барысында солардың, атасына рахмет, бірі «Оу, біз неге көне Жібек жолының ізімен жүрмейміз? Соның ізін, сорабын табу керек. Мәселе сонда шешілуі мүмкін» деген ой айтып қалады. Осыдан кейін жобалаушы мекеменің архитекторлары, құры-

ТАҒДЫРЛАР

лыс компанияларының өкілдері, ел мен жер тарихын білетін өлкетанушылар бірлесіп, жұмыс істеуге кіріседі. Бұл орайда олар тарихи құжаттар мен көне карталарды, әр замандағы түрлі саяхатшы ғалымдардың еңбектерін жинап-тауып, сараптауға кіріседі. Сөйтсе мәселе жеті қат көкте де, жер астында да емес, қол созым жерде «мен мұндамын ғой» деп, құрылысшылардың бір келетіндеріне сеніп, сабырмен күтіп жатыпты.

Жұрттың бәріне белгілі, Шымкенттен шыққан ескі трассамыз Қарауылтөбеге жеткен кезде кілт солға бұрылып барып, содан соң тікелей қазіргі Темірланға тартады. Соған көзіміз әбден үйренген. Бойымыз бен аяғымыз да. Шындығында переселендерді Арыс өзені бойына шұғыл орналастырып, жаңа пайда болған ауылға жұрт аузында жүрген «Темірлан» атауын «Тамерлановкаға» айналдырып, заңдастыра салған генерал-губернатор әкімшілігі көне Жібек жолының сорабы дегенді біле ме, жаңа бой көтерген Тамерлановскоеның тұсынан қатынас жолын салуға кіріседі. Сөйтеді де қазіргі Темірланнан қиыстау, екі-үш шақырым жерде, нақтырақ айтқанда Жәрменов туып-өскен №8 ауылдың «Темірлан» деген тарихи атауын өз айтуларына икемдеп, переселендер игілігіне бере салады. Дүниеге Темірлан атауын берген көне Жібек жолының бойындағы, яғни Арыс өзенінен өтер өткелдің жанындағы ауыл өзінің тарихи атынан айрылып, №8 ауыл болып, картаға түседі.



Білмейтіндер «Бірер шақырым бері, не ары жылжығанда тұрған не тұр?» деуі әбден мүмкін.

Енді «көне Жібек жолы баяғыда, ғасыр да ғасырлар бұрын неге қазіргі Қажымұқан, кешегі Ленин туы, одан да арыдағы таза қазақы Бөгежілі деген ауылдың қақ ортасынан өтіпті?» деген сұрақ туындайды. Бұл жол жер мен судың, яғни Арыс өзенінің жағдайына байланысты солай қалыптасқан. Біріншіден, көне шаһар Шымкенттен шыққан жолды Қарауылтөбеге жеткенде кілт сол тарапқа бұрудың қажеті жоқ-ты. Екіншіден, Арыстың осы аймақтағы қос жағалауын жайлаған көшпелі қазақ ауылдар орналасқан тұста арынды, мол сулы өзен жоғарыдағы немесе төмендегі елдімекендердің тұсына қарағанда, дәл осы орайда кең жайылып, аунап, тармақталып ағады. Оның себебі біреу-ақ. Аталған тұс басқа кез келген жерге қарағанда барынша енді, жалпақ, тегіс болып келеді. Бұған қоса аталған ауылдардың тұсы ну тоғай, көкорайлы жазық әрі сансыз мөлдір бұлақтары, шағын-шағын көлдері, адам аяғы баса бермеген, табиғаты тұмса араларды да бар.

Әмір Темір сияқты қалың қолмен келе жатқандар үшін бұл ара қай жағынан алғанда да өте қолайлы, тиімді. Әскерді арғы, бергі жағалауға бөліп орналастыруға болады. Жайылым да жетеді. Әмірдің ставкасын тірі жан аяғы баса бермейтін араларды біріне орналастырса құбақұп. Қол созым жердегі Қарауылтөбе күзетшілер қоюға өзі сұранып тұр. О баста қолдан үйілген жасанды төбенің атқарар қызметі де сол болса керек. Өзеннің осы аралығында бір емес, «Салтоғай» және «Зияш тоғай» аталатын екі тоғай қатар жатыр. Кірген түйе көрінбей кететін ну қамысы өз алдына бір тоғай. Ең бастысы Арыс осы араға жеткенде басқа жердегі сияқты бір қанаты жарға тіреліп ақпайды. Екі жағалауында да кеңістік жетерлік. Бұны о баста Бөгежілінің Жаңа туған ауылында тұратын диқан қауымы пайдаланып, Күнтимес аталатын жар жақтағы суғармай-ақ егіннің қай түрі де бітік өсетін ашық, бос алқаптарға тары, бақша дақылдарын еккен, тіпті бұл өлкеге таңсық мақта да өсірген. Ал қарсы жағалауда бос, егіншілікке қолайлы алқаптар тіпті мол. Сондықтан Ленин туы колхозы кезінде өзі орналасқан жақтағы жағалаудың құнарлы жеріне мақта да, қауын-қарбыз бен картошка да егіп, мол өнім жинап жүрді. Жер мол болғандықтан сиыр фермасы да аталған екі тоғайға жақын тұстан, биіктен салып, қашан совхоз құрылымы жетіп, колхозды «жолдан ығыстырғанша» сүтке қарық болып отырды.

Ал енді қазіргі Темірланның тұсына жеткенде өзен жағалауы барынша тарылады. Арыстың бірнеше бөліктері бір арнаға қосылып, Күнтимес жарларын жағалай, кеулей, жұлқына ағады, өткел бермейді. Сондықтан переселендер көпке дейін көпір де сала алмай, кешіп өтуге де мүмкіндіктері болмай, ағаштан құрастырылып, екі жағалауға арқан арқылы бекітілген салдың қызметін пайдаланғаны белгілі. Оның суреттері жиі кездеседі.

Біз айтып отырған жер жағдайы, Арыс өзенінің екі жағалауы, тоғай, бұлақ, көл, т.б. туралы жергілікті тұрғындар бұрыннан хабардар екені белгілі. Бірақ Әмір Темір заманынан бері қаншама ғасыр өтті. Әмір Темір де, Шыңғысхан да, Жібек жолы да тарих сахнасынан көшкелі талай-талай заманалар жылжыды. Тіпті социализм келгенде қазақтар өткенкеткенді есте сақтап қалу былай тұрсын, ұлт, халық ретінде біржола жойылып кетуге аз-ақ қалды. Бірақ ғасырлар бойы сақталатын табиғат бар емес пе. Мысалы, Арыс. Осы өзенге алғаш рет тап келген қай жолаушы болса да, қауіп-қатерсіз өткел іздейді. Сол өткел кезінде болыпты және оған алып келетін көне жолдың сорабы, ізі сақталыпты. Бірі – Қарауылтөбе, екіншісі – Күнтимес жарын жарып салынған жол, арынды Арыстың жайылып ағатын таяз әрі момақандау бөлігі, сондай-ақ Күнтиместен құлдилап, өзеннен өтіп барып, Ленин туы ауылының тұсындағы биікке өрлейтін, колхоз өмір бойы пайдаланып келген қара жол. Тіпті көне картада осының бәрі, тіпті ізі жойылып, әйтеуір сұлбасы қалған әлдебір арық, ауылдың жоғары жағындағы атам заманнан жетіп, құрғап қалған құдық, т.б. белгілер сақталып қалған екен.

Тірі куәлер де жоқ емес. Қарауылтөбенің етек жағында, солтүстік бағытында, Күнтимес, Бөгежілі шатқалы аталатын жерді мекендеген Жаңа туған ауылының тұрғындары жоғарыда аталған, Жібек жолы заманынан қалған өткелді пайдаланып, кейін, Ленин колхозына мүшелікке шақырылғанша қырда отырып, төмендегі сусыз-ақ егін егуге жарамды алқаптарды пайдаланып, малға қоса егіншілікпен де айналысқан. Олар да куә. Тіпті бұл куәден де бері де жатқан, көпшіліктің жадынан өше қоймаған тағы бір жанды, маңызды куә бар. Ол кезіндегі «Бадам», «Қарааспан», т.б. совхоздардың жоғарыда аталған Жібек жолымен, яки, Қарауылтөбе немесе Ленин туы ауылы жағынан құлдилап келіп, көне Жібек жолы сорабымен жүріп, Арыстың Күнтимес жарларын бойлап жатқан, кең-мол үлкен тоғайда жыл сайын әртүрлі мереке, той өткізетіні. Ол жиындардың ұмытылмастай есте сақталатын бір ерекшелігі, әр совхоздың атынан бір ақын шығып, өзара айтысатын-ды. Жібек жолы былай тұрсын, қазақтың күні кеше жоғалып бара жатқан айтыс өнері дәл осындай жиындардан кең көлемде басталған еді. Сондай айтыстардың алғашқы бірінен жұрт әсіресе айтыс ақыны Көпбай Омаровтың өнеріне ерекше сүйсінген. Көпбай ақын «Қарааспан» совхозының атынан айтысқан онда. Біраз жыл кейін айтыс өнері жаңғырған тұста оның Алматыда Оңтүстік Қазақстан облысы атынан сахнаға шыққанын жұрт ұмыта қойған жоқ...

Айта берсек, Жібек жолына қатысты естеліктер жуық арада таусыла қоймас. Қоймас дейміз-ау, егер күре жол құрылысы Темірланның тұсында проблемаға тірелмегенде, бұл тарих жабулы қазан жабулы күйінде қала берер ме еді... «Бәрін айтпа, бірін айт – социализм жырын айт» демекші, Темірдің қалың қолы сайрап жатқан Жібек жолымен жүріп келіп, Қарауылтөбеге жеткенде сол биікте бір топ бақылаушыларын қалдырып, Күнтимес жарын жарып өткен қара жолмен құлдилап, қалыптасқан өткелден өтіп, тоғайлы, бұлақты, көлі де, аралы да, шалғыны бар, біз қоймай да қоймай еске салып отырған жеруйыққа тоқтамағанда қайда тоқтасын! Әрине, біз қиялай шауып, қисынын тауып отырған жерге, әй, шамасы атақты Салтоғайға тоқтаса керек. Оған талас бар ма! Жалпы қауып сөйлейтін сұрыптан емес едік, тауып сөйлейтініміз де шамалы. Әңгіменің қисыны осылай қалыптасып тұр ғой. Енді қайтейік.

Иә, Ленин туы ауылы осылай да осылай өзіне тиесілі, тиісті атышулы тарихи атаудан айрылып қалды. Өкінішті ме? Е, жоқ, уақыттың берері ешқашан таусылмайтын көрінеді. Алла тағаланың еңбеккер Ленин туы ауылына дайындап отырған теңдессіз сыйы бар екен. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталып, ел есін жия бастаған шақта Темірлан атынан айрылып, көсем есіміне де шүкіршілік деп отырған ауылға күш атасы Қажымұқан біржола көшіп келді. Бұдан артық сый-құрмет бола ма!

Темірлан атауын өздеріне лайықтап, бұрмаланғаны болмаса, ол тарихи жер атауын ақ патша билігі де біржола өзгерте алмады. Сол сияқты кезінде Елемес көкеміз саяси көрегенділікпен, заманына сай қойылған колхоздың «Ленин атындағы» деген аты да аласапыран жылдары мызғымады. Әйтпесе колхоздастыру қарқынды жүргізілген 1925-30 жылдары құрылған ондаған елдімекендер мен шаруашылықтардың аттары қайта-қайта өзгеріп, ел-жұртты шатастырып жатты. Мысалы, сол отызыншы жылдары Оңтүстікте «қызыл» сөзі қызыл тудай төбеде желбіреп тұрды. «Қызыл октябрь», «Қызыл әскер», «Қызыл Қазақстан», «Қызыл ту», тіпті «Қызыл құдық», «Қызыл комбайн», «Қызыл кетпен» дегендей атаулар қаптады. Одан қала берді Киров, Каганович, Молотов, Ворошилов, Сталин атындағы және т.б. колхоздар жыл сайын өз аттарын жаңалаумен болды. Себебі бүгін Кремль көсемдерінің қатарында жүрген басшылар ертеңіне «халық жауы» ретінде атылып кете баратын. Сол сансыз көсемдердің ішінде көпке дейін аты да, беделі де мызғымай тұрғаны Ленин болды. Себебі колхозға бұл атауды ұсынған, атқаруы тиіс іс-әрекеттерін жоспарлап берген көреген Жәрменовтің өзі еді.

Кез келген үлкен шаруашылықтың жемісті жұмыс істеуі, өмірлі, табысты болуы іргетасына, негізіне, концепциясына (тұғырнамасы) байланысты ғой. Жәрменовтің жоспары, мақсаты дәл өзі ойластырғандай іске асты. Ленин атындағы көп салалы, көп ру өкілдерінен құрылған колхоз қысқа мерзімде 1934-1937 жылдар аралығында КСРО көлемінде қатарынан үш жыл бойы миллионер шаруашылық деп танылды. Осыған байланысты одақтың ауыспалы Қызыл туы колхозға мәңгілікке беріліп, бұрынғы Ленин атына «ту» сөзі қосылып, «Ленин туы» деп аталды.

Міне, әділетсіздік деген қайдан шығады? Жәрменовтің Оңтүстікте атқарған сан алуан іс-шараларының бірі болып саналатын Ленин атындағы ауыл мен колхоз аудан, облыс, тіпті республика емес, алып одақ көлемінде осындай, күні кеше ғана ешкімнің түсіне де кірмеген абырой-құрметке бөленіп жатқанда, осы идеяның авторы, әрі жүзеге асырушы Елемес Жәрменов Алматыда «халық жауы» деген негізсіз жаламен ұсталып, атылып кете барды. Айтарға сөз жоқ!

Ленин, Ленин туы атауы бір ғасырдай уақыт мызғымай тұрды. Қазақстан тәуелсіздік алған тұста ел мен жердің тарихи атаулары өз тұғырына қайта қондырылып жатты. Ауылдың Темірлан атты тарихи атауы бұл кезде көрші ауылда – аудан орталығында әбден орныққан, қазақ тарихынан өзіне тиісті лайықты орнын алған. Оны қозғауда, оған таласуда мән жоқ еді...

Уақыт өзі бәрін реттейді екен ғой, алдын ала шешіп те қоятын көрінеді. Сонау 1946 жылы Күш атасының Ленин туы ауылына көшіп келуі тегіннен тегін бола салмаған екен. Тарихтың өзі ұлы көсемді орнынан қозғап, ығыстыра алатын бір алыпты алдын ала, көп жыл бұрын дайындап қойыпты. Ауыл ешқандай жаңа ат іздемей-ақ, табиғи, заңды түрде Қажымұқан есімін иеленіп шыға келді. Кезінде бүкіл қазақтың даңқын биікке көтерген күш алыбы енді ауылды да алыс-алыс ел-жұртқа танытуға өз үлесін қосып жатыр...

Кейінгі ұрпақ Ленин туы колхозының тарихын біле бермесе керек. Сондықтан «Жәрменов жол көрсетті екен деп, колхоз соншалықты тез дамып кетіп пе?» дегендей де сұрақ тууы заңды. Әңгіме колхоздың атында ғана емес, затында, құрылу ерекшелігінде десек орынды. Енді осыған қысқаша тоқтала кетейік.

Біріншіден, Оңтүстікті, оның ішінде әсіресе Арыс өзенінің бойындағы ондаған шақырымдарға созылатын мал мен жанға, сондай-ақ егіншілікке де қолайлы жерді, бір-біріне жалғасып жатқан атырап, алқаптарды бала кезінен жақсы білетін Е.Жәрменов қазақтарды қоныстандыру, яғни жайлы орналастыру мәселесіне ерекше мән берді. Мысалы, 1890 жылдары Арыстың жағасына кеңмол, еркін орналасып, тіпті жайылып жатқан Тамерлановка, кейінгі «Полезный труд» колхозының екі бүйірінен, шығыс жағынан (құлақтың басы) Ленин колхозын, батыс жағынан «Ынтымақ» колхозын орналастыру үшін көп күш жұмсады. Екі қазақ колхозы «Полезный трудтың» айылын жинауына әсер етті. Белгілі мөлшерде мәжбүрледі.

Екіншіден, орыс колхозының «Орысарық» аталған жеке каналы болса, екі қазақ шаруашылығы да тез арада судан тапшылық көрмейтін жағдайға жетті. Қысқа мерзімде «Найманарық» және «Құртайарық» каналдары іске қосылды. Бұл енді сол уақыттағы маңызды әрі үлкен жұмыс еді. Екі каналдың іске қосылуына уез атқару комитетінің төрағасы тікелей араласты. Жұмысты іскерлікпен ұйымдастыра білді.

Үшіншіден, №8 ауылдың негізінде құрылған Ленин атындағы шаруашылықтың тұғырнамасын, жаймалап айтқанда қалай жұмыс істейтінін Жәрменов бүге-шігесіне дейін жоспарлап берді. Ауылдың орналасу сызбасын да тікелей өзі дайындатты, басы-қасында жүрді.

Төртіншіден, Ленин колхозының сол тұста жаңадан ұжымдасқан басқа ауылдарға қарағанда бір ерекшелігі болды. Мысалы, «Көктөбе», «Ынтымақ» колхоздарында негізінен қазақтың Бөгежілі (Құртай), Шоқай руларының өкілдері бірыңғай мүше болса, Ленин атындағы шаруашылықта Бөгежілі, Тутамғалы, Найман, т.б. рулардың өкілдері бас қосты. Бұл кезіндегі үлкен жаңалық еді. Осы арқылы Жәрменов қазақтардың ру-руға бөлінетін емес, рулардан тұтасатын халық екенін іс жүзінде дәлелдеді, басқаларға үлгі-өнеге көрсетті. Ленин колхозы қазіргі тілмен айтқанда эксперимент ретінде жүзеге асырылды. Ол өзін-өзі ақтады да. Руы түгілі тілі де, ділі де, діні де бөлек ұлт өкілдерінің өзін жатсынбайтын жергілікті халық өз қандастарын шеттетсін бе! Бірнеше рудың өкілдері бір атаның баласындай, бір қолдың саласындай болып, тату-тәтті өмір сүрді, жұмыла еңбек етті.

Бесіншіден, Е. Жәрменов уездік атқару комитетінің төрағасы қызметінде отырғанда шөлге ығыстырылған қазақтарды құнарлы жерге қоныстандыру, отырықшылыққа бейімдеу, сондай-ақ колхоздастыру жұмыстарына көп күш жұмсады. Сол ауқымды қозғалыстың аясында өзі туып-өскен ауылдың да даму жолына түсуіне қатты көңіл бөлді. Мәселен, Найманарық, Құртайарық сияқты каналдардың қазылуына тікелей басшылық етті. Осы орайда туған жерінде бой көтерген Ленин атындағы колхоз басшылары «Мақта өсіру біздің қолымыздан келе ме, қайдам?» деген күдік танытады. Сонда Жәрменов «Арыстың арғы бетінде баяғыдан мақта өсіретін Бөгежілі ауылы бар емес пе? Сол ауылдың тұрғындарын мүшелікке тартыңдар» дейді. Басшылар тағы да «Ол ауыл бірнеше жыл бұрын Қызылорда жаққа көшіп кеткен» деп, Қараспанды суға алдырғанда уез төрағасы мәселе түйінін өзі шешіп беріпті. Көшіп кеткен мақташы ауылға кісі шаптырып, шақыртып алады.

Міне, осындай да осындай нақты іс-әрекеттердің нәтижесінде Ленин колхозы зор табыстарға жетіп, «Миллионер колхоз» атанады.

Иә, Темірлан атауы кезінде тарихи орнынан екі-үш шақырым батысқа қарай жылжыды. Алысқа ұзамады. Кешегі сегізінші ауыл да «Әмір Темірдің атынан айрылдық» деп, жетімсіреп қалмады. Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталған тұста қазақтың күш атасы Қажымұқан көшіп келіп, осында мәңгілікке дамылдап қалды. Кешегі Темірлан мен Ленин туы ауылдарын бөліп-жарып жатқан шекара жоқ. Бертінде, Қазақстан тәуелсіздік алған соң бір ғасырға жуық мызғымай тұрған Ленин, одан кейінгі Ленин туы атауы уақыт әмірімен ығысып, Қажымұқанға жол берді.

Бәрі жақсы-ау, тек осынау ұлы өзгерістің негізін қалаған, елінің ертеңі, болашағы үшін басын бәйгеге тіккен, құрбан болған асыл текті Елемес көкеміз ескерусіз қалып отырғаны жанға батады. «Өз ұлын, өз ерлерін ескермесе, Ел шіркін қайдан алар кемеңгерді» демей ме ұлы ақын Ілияс Жансүгіров. Бұдан асырып не айтуға болады?!

(Жалғасы бар).

Әділет
zhangyru@mail.ru

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*

Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*

Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.

* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 845

ЕҰУ-ДЫҢ МЕРЕЙТОЙ ЖЫЛЫ ҚАРСАҢЫНДАҒЫ РЕКТОРДЫҢ ҮНДЕУІ



Құрметті Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушылары, қызметкерлері, студенттері, магистранттары, докторанттары және түлектері!

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті өзінің 30 жылдық мерейтойына арналған айрықша кезеңге - мерейтойлық жылға қадам басты.

ЕҰУ-мен тағдыры тоғысқан әрбір адам үшін бұл ерекше мағынаға ие. Біреулер үшін университет алғашқы кәсіби жеңістерге жол ашқан қасиетті білім ордасы, енді біреулер үшін достықтың, ізденістің, жаңалықтар мен шабыттың мекені болды. Ал көптеген жандар үшін ол өмір жолының ажырамас бөлігіне, тағдырмен сабақтасқан қастерлі орынға айналды.

Сондықтан университет мерейтойы - бұл жай ғана күнтізбедегі дата емес. Бұл осында білім алған, еңбек еткен, ұстаздық еткен, армандаған және болашақты бірге қалыптастырған барлық буын өкілдерінің ортақ мерекесі.

Отыз жыл – бұл үлкен еңбек пен жауапкершіліктің, кәсіби адалдық, білім мен ғылымға қызмет етудің айшықты жолы. Осы уақыт ішінде университет қабырғасында мыңдаған тағдыр тоғысты, ғылыми жаңалықтар жасалды, ұстаздық дәстүр қалыптасты, студенттік армандар қанат қақты. Жарқын бастамалар, батыл идеялар мен күнделікті тынымсыз еңбек университетіміздің бүгінгі беделі мен абыройының негізін қалады.

Осы орайда университетіміздің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан ардагерлерімізге, оқытушыларымызға және қызметкерлерімізге ерекше алғысымды білдіремін.

Сондай-ақ университетіміздің ертеңін айқындайтын жас буынға - студенттерімізге, магистранттарымызға, докоранттарымызға және жас зерттеушілерімізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Олардың талпынысы, таланты мен ізденісі ЕҰУ-дың болашағын айқындайды.

Мерейтой – бұл алғыс айту мен үмітке толы кезең. Біз өткен жолымызға құрметпен қарап, болашаққа сеніммен қараймыз. Алдымызда жаңа мақсаттар, жаңа көкжиектер және жаңа жетістіктер күтіп тұр. Бірлік пен ортақ мақсат бізді жаңа биіктерге жетелейді деп сенемін.

Мерейтой жылы университетімізге шабыт, бірлік, жарқын оқиғалар мен ортақ жетістіктер әкелсін!

Құрметпен,
Ерлан СЫДЫҚОВ
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
ректоры



ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР МҮЛІК САЛЫҒЫН ТӨЛЕУДЕН БОСАТЫЛАДЫ МА?

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде зейнеткерлерді жеке тұлғалардың мүлкіне салық төлеуден толық босату туралы ақпарат таратылуда, алайда, бұл ақпарат толығымен шындыққа жанаспайды.

Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес барлық салық салу объектілерінің жалпы құнынан айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде заңды мекен-жайы (тұрғылықты жерінің мекенжайы) бойынша тек қана зейнеткерлер тіркелген, жеке тұратын зейнеткерлер мүлік салығын төлеуден босатылады.

Мүлік салығын есептеу кезінде республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын АЕК мөлшері пайдаланылады.

Бұдан басқа, мынадай тұлғалар жеке тұлғалардың мүлкіне салық төлеуден босатылуға жатады:

✓ айлық есептік көрсеткіштің 1000 еселенген мөлшері шегінде - Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек ері, "Халық қаһарманы", "Қазақстанның Еңбек ері" атақтарына ие болған, үш дәрежелі Даңқ орденімен және "Отан" орденімен наградталған адамдар, "Батыр Ана" атағына ие болған, «Алтын алқа» белгісімен наградталған көп балалы аналар;

✓ айлық есептік көрсеткіштің 1500 еселенген мөлшері шегінде – Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңілдіктері бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлер және басқа мемлекеттер аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері, Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар, сондай-ақ кемінде алты адам жұмыс істеген (қызмет еткен) адамдар 1941 жылғы 22 маусымнан 1945 жылғы 9 мамырға дейін және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен марапатталған, мүгедектігі бар адамдар, сондай-ақ Салық кодексінің 597-бабының 2-тармағында белгіленген өзге де адамдар.

Естеріңізге сала кетейік, 2025 жылға жеке тұлғалардың мүлік салығын төлеу мерзімі 2026 жылдың 1 қазанында аяқталады.

К. МЫРЗАБЕКОВА,
Абай ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер
басқармасының өндірістік емес
төлемдер бөлімінің
бас маманы

ҒЫЛЫМ ШЫҢЫНА ҰМТЫЛЫС

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2026» жас ғалымдар конференциясында айқын көрініс тапты



Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде студенттерге, магистранттар мен докоранттарға арналған «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2026» XX Халықаралық ғылыми конференциясы өтті. Конференциясы шеңберінде Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі Журналистика және медиаөнер кафедрасында «Ғылым қызметкерлері күні» аясында «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2026» Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 30 жылдығына арналған жас ғалымдардың XXI Халықаралық ғылыми конференциясының секциялық отырыстары өтті.

Журналистика және медиаөнер кафедрасында «Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация» және «Медиа және баспа индустриясы: жаһандық трендтер мен ұлттық ерекшеліктер» атты екі секция жұмыс атқарды. Жас ғалымдар, магистранттар мен студенттер ғылыми жұмыстарымен таныстырып, өзекті идеяларын ортаға салды. Комиссия алдында жобаларын сәтті қорғап, өз идеяларымен бөлісті. Жас ғалымдардың ғылыми зерттеулері мен ұсынған тұжырымдары журналистика, медиа, баспа индустриясы саласының түрлі тақырыптарын қамтыды.

Өте тартысты өткен жас ғалымдардың ғылыми ашық диалог алаңы академиялық ортаның дамуына, жастардың ғылымға деген қызығушылығын арттыруға үлес қосары сөзсіз.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Басқарма төрағасы-ректор Ерлан Сыдықовтың атынан ғылым жарысында 1,2,3 орын алған жеңімпаздарға дипломдар және барлық қатысушыға сертификаттар берілді. Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебінің директоры Нұржан Қуантайұлы жүлделерді табыстап, журналистика ғылымының дамуына, ғылыми орта әлеуетінің артуына үлес қосқан жас ғалымдарға алғыс айтып, ақ тілегін жеткізді.

Журналистика және әлеуметтік ғылымдар жоғары мектебі Журналистика және медиаөнер кафедрасы бойынша «Журналистиканың дамуы: дәстүр мен трансформация» секциясын Журналистика және медиаөнер кафедрасының меңгерушісі, PhD А.М. Шурентаев басқарса, «Медиа және баспа индустриясы: жаһандық трендтер мен ұлттық ерекшеліктер» секциясына филология ғылымдарының кандидаты, профессор М.Б.Тоқтағазин жетекшілік етті.

Комиссиялардың қарастыруына жас ғалымдар тарапынан 44 ғылыми өтінім түсті. Олардың арасында Әл Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті бастатқан бірнеше жоғары оқу орындарының жас ғалымдарының ғылыми еңбектері тыңдалып, комиссия мүшелері тарапынан сараптамадан өтті.

Секция жұмысының нәтижесінде жас ғалымдардың зерттеу жұмыстары арасында жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталды, орын алмаған қатысушыларға сертификаттар ұсынылды.

Комиссия жұмысына кафедра профессор-оқытушылары А.О. Есдәулетов, Ғ.М. Ақсейіт, Т.А. Чернега, Г.А. Шауенова, А.Ж. Шайкенова, С.Х. Канапьянов, С.К. Алимбекова белсене қатысты.

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2026» XX Халықаралық ғылыми конференциясы студенттер мен магистранттардың ғылымға деген қызығушылығы артқанын аңғартты. Оны биылғы қатысушылар санынан да айқын байқауға болады. Бұл Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің шынайы ғылыми-зерттеу оқу ордасына айналғанының куәсі.

М.БАЛҚЫБЕКҰЛЫ,
Гуманитарлық ғылымдар
академиясының академигі
Астана қаласы

Академик Ә.Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университеті 2025-2026 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамы мен қызметкерлердің бос қызмет орындарына

КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ:

(Лицензия: №KZ87LAA00015319)

Бакалавриат:
6В01110 - «Педагогика және психология»
6В01210-«Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу»
6В01310 - «Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі»
6В01420-«Музыкалық білім»
6В01440- «Дене шынықтыру және спорт
6В01508-« Математика»
6В01521- «Математика-Физика»
6В01509-«Информатика»
6В01540-«Химия»
6В01545-«Химия-Биология»
6В01550-«Биология»
6В01560-«География»
6В01610- «Тарих»
6В01710- «Қазақ тілі және әдебиеті»
6В01720-«Орыс тілі және әдебиеті»
6В01730- «Шетел тілі: екі шет тілі»
6В01910-«Дефектология»
6В02110-«Дизайн»
6В04110-«Экономика»
6В04120-«Менеджмент»
6В04130-«Есеп және аудит»
6В04140-«Қаржы»
6В04150-«Мемлекеттік және жергілікті басқару»
6В04160-«Маркетинг»
6В04210 -«Құқықтану»
6В06126- «Информатика»
6В06138- «Ақпараттық жүйелер»
6В06130-«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету»
6В06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
6В07110-«Электр энергетикасы»
6В07120-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»
6В07310-«Сәулет»
6В07320- «Құрылыс»
6В07323-«Сумен жабдықтау және кәріз жүйесі»

Магистратура:
7М01101-«Педагогика және психология»
7М01514-«Математика»
7М01520-«Информатика»
7М01540-«Биология»
7М01512-«География»
7М01610-«Тарих»
7М01710-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
7М01720-«Шетел тілі:екі шет тілі»
7М04140-«Есеп және аудит»
7М04209-«Құқықтану»
7М06210-«Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар»
7М07112-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы»

Докторантура:
8D01110-«Педагогика және психология»
8D01540-«Химия»
8D01550-«Биология»

Қызметкерлер:
- Университеттің Стратегиялық жоспарлау және дамыту жөніндегі проректоры
– Факультет декандары
– Оқу-әдістемелік басқарманың бастығы, әдіскерлері
– кітапханашы
- СМК маманы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім бастығы
– Халықаралық ынтымақтастық және академиялық ұтқырлық бөлім маманы
- Кафедра меңгерушісі
– маркетинг және кәсіптік бағдар беру бөлімінің бастығы
– Тіркеу бөлімі (офис-регистратура) мамандары
– Әдістемелік кабинет секторының меңгерушісі
– Жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімі бастығы, әдіскерлері

Қызметкерлерге қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.

Біліктілікке қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес тәжірибесі бар
-ғылым кандидаттары, ғылым докторлары
-аға оқытушылар.
-оқытушылар
- PhD

Профессор-оқытушыларға қойылатын талаптар:
3 жылдан кем емес іс тәжірибесі бар және компьютерлік бағдарламаларды жетік меңгеруі тиіс.
Жалақы келісім бойынша. Тиісті құжаттарды осы хабарлама жарияланғаннан күннен бастап 1 ай көлемінде мына мекен жайға тапсыруға болады: Шымкент қаласы, Төле би көшесі, 32-үй, ХДУ бас ғимараты, кадр бөлімі, №202 бөлме.
Байланыс телефоны: 8 (7252) 95-25-98.
e-mail: otdelkadrov.kipudn@mail.ru